

83.3(5Қаз)
А13

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ. МАХАМБЕТТАНУ



ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҚ

2-1-204338(т)

83.3(5Қаз)

А13

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ. МАХАМБЕТТАНУ

Ғылыми-әдістемелік жинақ

83.3(5Қаз) 204338(т)
А13

Абайтану. Махамбеттану.-
2012.- 500т. 00т.

204338(т)

Алматы
«Қазақ университеті»
2012



ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5 Қаз.)
А 13

*Мақалалар жинағы 1957 МҚ «Абай-Шәкәрім
шығармашылығын зерттеудің жаңа бағыттарын негіздеу мәселелері»
ғылыми жобасы қаржысы есебінен шығарылды*

Жинақ жобасының жетекшісі
филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ. Мәдібай**

Пікір жазған
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

А 13 **Абайтану. Махамбеттану:** ғылыми-әдістемелік жинақ. — Алматы:
Қазақ университеті, 2012. — 100 б.
ISBN 978-601-247-790-0

Жинақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының 3-курс қазақ тілі мен әдебиеті – 5В011700, қазақ филологиясы – 5В020500 мамандығы студенттерінің «Абайтану», «Махамбет – азаттық жыршысы» таңдауы бойынша пәндердің өзіндік жұмыстарынан құрастырылды. Еңбек студенттер мен магистранттарға, әдебиеттанушы мамандарға арналады.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5 Қаз.)

ISBN 978-601-247-790-0

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

АЛҒЫ СӨЗ

2012-2013 оқу жылында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті қазақ әдебиетінің тарихы және әдебиет теориясы кафедрасында 3-курс бакалаврлық оқу сатысы студенттерінің қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясы мамандығы «Абайтану», «Махамбеттану – азаттық жыршысы» атты таңдауы бойынша пәндерінен орындаған өзіндік жұмыстарынан құрастырылған бұл жинақта жас зерттеушілердің ғылымдағы алғашқы ізденістері беріліп отыр.

Студенттер абайтану, махамбеттану мәселелері бойынша өзіндік пайымдауларға барады, тың, тосын тұжырымдар, тоқтамдар жасап отырады.

Пән оқытылған мерзімде өзара пікірсайыс, жас ғалымдар конференциясы, Абай институты, Абай атындағы ҚазҰПУ Абай орталығының жұмысымен танысу өтті.

Келешек зерттеудің негізі бар өзіндік жұмыстардың студенттердің оқу үдерісіндегі тапсырма орындау дағдысын қалыптастыруға септігі тимек.

*Қанипаш Мәдібай, пән оқытушысы,
қазақ әдебиетінің тарихы және
теориясы кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Бірінші бөлім

АБАЙТАНУ



Мөлдір Қыдырбай,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті

АБАЙДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТТЕРІ

Қазақ поэзиясының алтын тұғырынан самғап ұшып, шексіз әлемге қанат қаққан, сөз патшасының шынайы қасиетін таныта білген ұлы ақын Абай Құнанбайұлы бүгінде күллі халықтың рухани жан дүниесіне айналып, сарқылмас сағынышымен бірге самғап, мөлдір махаббатымен өріле, ғасырлар қойнауындағы тасқа жазылған тарихымен қауышып, біте қайнасып кеткендігін мақтанышпен айтуға хақылымыз. Ұлы ақын қасиетті сөз өнеріміздің кір шалмайтын биігіндегі ақ бас шыңдардай немесе ұлтымыздың бүкіл жан дүниесіне сіңіп кеткен қасиетті қара домбырадан төгілген әсем әуендей күмбірлеп, жыл өтіп, ғасыр аунаған сайын жаңа қырынан жарқырап, этнографиялық мұраларымыздай аты аңызға, өнерлері хикметті болмысқа айналып бара жатқандығы мұның айқын дәлелі.

Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы да соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық. Ұлы Абайды ізашар ақын деп қарағанда, оның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған ізбасар ақындардың молдығына да күмән келтірмейміз. Ақынның ізбасарлары деп қазақ поэзиясының аса көрнекті қайраткерлері Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты алдымен атаймыз. Әрине, бұл топқа басқа да бірталай ақындарды қосуға болады. «Ұлы Абайдың, шын, мәнінде шәкірттері кімдер?» деген сұрақ төңірегінде талас тудырған мәселелер болды.

Елуінші жылдары «Абайдың әдеби мектебі» концепциясы зиянды деп танылып, әдебиет тарихынан аластатыла бастады. Сол кездері Қайым Мұхамедхановтың филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу жөніндегі диссертациялық жұмысы да қатаң сынға алынды. Диссертацияның тақырыбы өзгертіліп, жалпы «Абай мектебі» деген атауды түптамырымен жойды, Абайдың ұстаздық қырын көлегейледі. Осындай саяси қысымның салдарынан Абайдың шәкірттерінің мұрасын ғылымда қорғауына мүмкіндік ала алмаған Қ. Мұхамедханұлының 1959 жылы диссертациясының атын ғана емес, идеясын өзгертуге тура келді. Абай шәкірттері деген ұғым еріксіз ақынның төңірегіндегі ақындар деп ауыстырылды. 1951 және 1959 жылғы екі диссертацияның құрылымында айтарлықтай өзгешеліктер бар. Саяси сынның салдарынан кейінгі еңбек біраз қысқарған. Алдыңғысында Тұрағұлдың аты аталмаса да бірнеше өлеңдері мен аудармаларына шолу жасалса, кейінгі диссертацияда ол жоқ. 1951 жылғы еңбектегі даудың үлкені Көкбай Жанатайұлына, оның «атышулы» «Сабалақ» дастанына байланысты болғандықтан, Абайдың қасында 25 жыл дос болған, талантты ақын Көкбай да кейінгі еңбегіне енбей қалды. Сөйтіп, Шәкәрімсіз, Көкбай мен Тұрағұлсыз «Абай мектебі» ғылымда қорғалып шықты [1, 44-б.].

Бүгінгі таңда Абайдың әдеби ортасы тақырыбын сөз еткенде, біз төмендегідей түйінді мәселелерге баса назар аударуымыз керек. Абай мектебі деген ұғым оны кең мағынада, әдеби дәстүр аясында қабылдау және тар мағынада ақынның айналасындағы күнделікті тәрбиесін көрген шәкірттеріне қатысты зерттеу ғылыми ортаны екіге жарды. Екі түрлі айтылған пікірлерді сол кездегі кеңестік идеология сәтті пайдаланып, өршітіп, үлкен дауға айналдырды. Жалпы қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрін жалғастырушылар мен Абайдың маңындағы шәкірттерін нақты бөліп көрсетпеген соң, мектеп өкілдерінің саны әр зерттеушінің өз пайымы бойынша белгіленіп, бірде артып, бірде кеміп отырды. Осы мәселе төңірегінде Сәбит Мұқановтың «Әдебиет және искусство» журналының 1951 жылғы №7 санында «Абайдың шәкірттері туралы» мақаласы жарық көрді. Мақалада Абайдың шын мәнінде шәкірттері кімдер болған, шәкірттер тізімінен кімді алып, кімді қосу керек деген мәселе сөз болды. Мұқанов, ең алдымен, «шәкірт» деген сөздің астарына үңіліп, түсініктеме беріп өтеді. «Абайдың ғана емес, әлеуметтік пікірде аты шыққан барлық адамның да еңбектерінен үлгі алатындар, жолын тұтынатындар әр дәуірде бола береді. Егер кімде-кім әлеуметтік пікірде ұстаздық еткен біреуден үлгі алып, соның жолын тұтынса, осының қазақша аты – «шәкірт» немесе «жолын тұтынған», орысша аты – «ученик» немесе «последователь». Осы екі сөзді кейбіреулер екі мағынада түсінгісі келеді. «Шәкірт» деп – үлгілі адамның көзін көрген, қасында болған адамды айтқысы келеді, «жолын тұтқан» деп – үлгілі адамның көзін көрмеген, бірақ соның жолын тұтынған адамдарды айтқысы келеді. Бұлай болудың қажеті жоғына Сталин, Жданов, Киров жолдастардың «орыс революционерлері өздерін батыстағы буржуазиялық революцияның және маркстік пікірдің атақты жолбасшыларының шәкірттері және жолын тұтынушылары деп есептейтінін конспектінің авторлары ұмытқан болуы керек», – деген сөздері дәлел. Олар бұл екі сөзді бөлмей тұтас, бір мағынада алады және «шәкірт» пен «жолын тұтынған» болу үшін адамның көзін көрудің, не қасында болудың қажет еместігін көрсетеді. Бұл талассыз шындық. Өйткені Ленин мен Сталин Маркс пен Энгельстің турадан тура шәкірттері екеніне де, жолын тұтынған адамдар екеніне де ешкім таласа алмайды. Сонымен қатар Маркс пен Энгельсті Ленин мен Сталиннің көрмегені де мәлім. Сондықтан барлық үлгілі адамдардың жолдарын тұтынушыларға олардың ішінде Абайдың жолын тұтынушыларға да біз осылай қарауымыз керек. Олай болса, Абайдың шәкірттері немесе жолын тұтынушылар кімдер?» – дейді. Осылай айта келе, ақын ізбасарлары жөнінде туған сұрауларға тоқталып өтеді.

Бұл сұрау бірінші рет бұдан 40 жыл бұрын туды. 1911 жылы Орынборда шығатын «Қазақ» газетіндегі мақалаларында байшыл-ұлтшылдар Абайды өздерінің рухани атасы етіп көрсетпек болды. Бұл пікірдің шындыққа қайшы екенін заманның өзі көрсетті, байшыл-ұлтшылдар қазақ халқының жауы екенін өздерінің зұлымдық істерімен танытты. Ал Абай қазақ халқының досы болған күйінде қала берді. Екінші рет бұл сұрау 1918 жылы қайталанды. «Алашорда» партиясының Семейдегі облыстық комитеті сол жылы Семей қаласында «Абай» атты революцияға қарсы журнал шығарды. Бір жыл бойына он екі саны шыққан бұл журналдың саяси беті түгелімен Октябрь революциясына, Совет өкіметіне, социализмге қарсы болды. Мұнымен қоймай, журнал паназиаттық

ұран шақырып, шығыс атаулының алдына милитаристік Жапонияны үлгі тартты. Осы шектен шыққан редакциялық журналдың бесінші санында бас мақала боп «Абайдан соңғы ақындар» деген мақала шықты, авторының псевдонимі – «Екеу». «Екеудің» кімдер екені бізге мәлімсіз, ал мақаланың мазмұны – революцияға қарсы, сонымен қатар халқымыздың ардақты ақыны Абайға жапқан жала, жаққан күйе. Өйткені бұл мақалада «Екеу» революцияға дейін ашықтан-ашық байшыл-ұлтшыл бағытта болған. Революция жылдары совет үкіметіне сөзбен ғана емес, іспен да қарсы шығып, «Алаш полктарын» құрып, Қызыл Армиямен соғысқан Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, сияқты алашордашыларды Абайдың шәкірті еді дейді. Бұл пікірдің шындыққа жанаспайтынын, Абайға да, пролетарлық идеологияға қарсы пікір екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. «Абайдың шәкірттері кімдер?» деген сұрауға, үшінші рет, советтік дәуірде Ташкент қаласынан шыққан «Шолпан» атты журнал жауап бермек болды. Журналдың 1923 жылы шыққан 2-3 және 4-5 сандарында «Қоңыр» атты псевдониммен біреу «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақала жазды. Мақаланың авторы, жоғарыда, «Абай» журналында жарияланған «Екеудің» пікіріне түгел қосылып, ондағы революцияға қарсы пікірді тереңдетті, Совет өкіметіне қарсы құралды күрес жүргізген Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтан бастап, «Абайдың шәкірттері» деген тізімге он ақын-жазушының атын тіркеді, солардың жетеуі Октябрь революциясына, Совет өкіметіне ашық қарсы боп, қазақ халқының тарихында қара тақтаға жазылғандар.

Қазақ халқының ардақты ақыны Абайдың атына алашордашылар күйені осылайша жақпақ болды, бірақ коммунист партиясы мен Совет үкіметі Абайдың бетіне ол күйені жақтырмады, алашордашылардың жаулық ниетпен таратпақ болған лас пікірлерінен Абайды тазалап, қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мақтанышы екенін дәлелдеп берді», – деп өзінше байлам жасады [2, 57-70-б.].

Мұқанов өз зерттеуінде Әуезовтің 1934 жылы жазған мақаласында «Абай шәкірттерінің» тізімі төрт адамнан ғана тұрғандығын айтады. Олар: Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Мағауия. Сол төрт адамның қысқа саны 1951 жылдың өзінде жиырма бес-отызға жеткен екен. Олай болған себебі, жоғарыда айтып кеткендей, зерттеушілер пікірі Абай мектебі төңірегіне келгенде бір тоқтамға келе алмады. Абай шәкірттерінің негізгі зерттеушісі Қайым Мұхамедханұлы 1951, 1959 жылдары қорғаған диссертацияларында Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім, соларға қосымша Әріп, Әсет, Халиолла, Кәкітай, Мұхамеджан, Бейсембай, Баймағамбет, Мұқа, Әлмағамбет, Әубәкір сияқты өнерпаздар бар, барлығы он үш адамды жатқызады. Шәкәрім мен Тұрағұлдың ол кезде «халық жауы» болып үлгерген кезі, ал Көкбайды шәкірттер қатарына қосқаны, ең үлкен «саяси қателік» болып, соңы үлкен дауға айналғаны белгілі. Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов өз мақаласында: «Аталған тізімдегі адамдардың ішінен мына кісілердің шығармаларын талдауды орынсыз көрдік. Бірінші – Шәкәрім Құдайбердин. Бұл адам Революцияға дейін діншілдік-ұлтшылдық бағытта жазған адам. 1917 жылы революцияға қарсы ұйымдасқан «Алашорда» партиясының Семейдегі облыстық съезін «Алаш ақсақалы» боп ашқан адам, революцияға қарсы бағыттағы «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газетіне

Октябрь революциясына қарсы мақалалар жазған адам, 1929 жылы бай-кулактарды бастап, Шыңғыстау ауданында Совет өкіметіне қарсы құралды көтеріліс жасап, жазықсыз талай адамды өлтіріп, өзі атыста оққа ұшқан адам. Бұндай бандитті, ол атылып өлгеннен кейін де, Мұхтар Әуезов жолдастың 1934 жылы да, 1940 жылы да «Абай шәкірттерінің» тізіміне қосып мақтауы ойға сыймады. Әуезов жолдастың, Шәкәрім бандит боп өлгеннен кейін де, оған мейірімді көзбен қарауы, ең жеңіл тілмен айтқанда – ұят...

Бұндай бандиттің шығармаларын біз талқылап жатпаймыз. Екінші – Тұрағұл. Жақсы көретіндердің еркелетіп қойған аты – Тұраш. Абайдан туған бала болғанымен бұл да совет қоғамына жат, жау кісі. Ол да «Алашорда» партиясының ардақты адамының бірі боп, «Сарыарқа» газетіне Совет өкіметін жамандап мақала жазған. 1928 жылы Совет өкіметінің ерекше декретімен бес жүз бай-феодалдың мал-мүліктері конфискацияға алынғанда, Тұрағұл да сол тізімде болған. Осындай жолда өлген адамды да 1951 жылға дейін Әуезов жолдастың, оны қуаттап Жиреншин, Мұхамедханов жолдастардың дәріптеуіне қайран қаламыз!» – дейді.

Сол Мұқанов айтқан Жиреншин жолдас та Абай шәкірттерін көрсетуде бір тоқтамға келе алмайды. Зерттеуші «Абай и его русские друзья» деген орыс тіліндегі еңбегінде он сегіз өнерпазды атап, соның алтауына тоқталса, бір жылдан кейін жарық көрген «Абай Құнанбаев» деген монографиясында Абай шәкірттерінің саны 21-ге жетіп, оның жетеуін кеңірек сөз қылған. 1951 жылғы Абай шәкірттеріне жасалған соққыдан кейін Әбіш Жиреншин Абай шәкірттерінің санын күрт азайтып, «Абай және орыстың революционер-демократтары» кітабында: «Абай тұсында ақыл ойы, көркемдігі Абайдан аспағанмыен де соның ұлы дариясынан нәр алған өз балалары – Мағауия, Ақылбай, Әубәкір, замандастары – Көкбай, Баймағамбет, Әріп тағы сол сияқты бір Абай елінің өзінде ғана он-он бес ақын болған», – деген пікірінде жалпылық басым [3,136-б.].

Міне, Абайтанушы ғалымдардан бастап, әдебиет зерттеушілерінің түзген Абайдың маңайындағы ақын шәкірттеріне қысқаша шолу жасай отырып, өз ойымызды ортаға салдық. Әбіш Жиреншинше айтсақ: «Шәкіртсіз ғалым тұл!» – деген Абай. Зор ғалымдар мен жазушылардың соңынан шіби балапандай еріп жүрген шәкірттері молырақ болса қандай жарасымды, ғанибет іс. Ал Абайға еліктеген мұрагерлер өз тұсында, өзінен соң да өте көп болды, қазір де бар. Жақсы атаның бізге берген игі еншісінің өзі де, жақсы ұстаз бола білу. Ендеше, жақсы атаның игі еншісін жақсы ұстаз болу жолына арнасақ, ақын мұрасын өшірмей сақтап, Абайдан соңғы ақындар төңірегіне де шолу жасасақ, бұл біздің қисапсыз байлыққа қол жеткізгенімізбен пара-пар жеңіс!

Әдебиеттер

1. Ердембеков Б. Абай мектебі // Абай, 16 ақпан, 2011.
2. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы // Абай, 23 мамыр, 1992.
3. Жиреншин Ә. Абай және орыстың революцияшыл демократтары. – Алматы, 1959. – 266 б.

Ғалия Тағжанова,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ филологиясы мамандығының
3-курс студенті*

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЖАНРЫ МЕН АТАЛУЫ

Абай қара сөздері жайында соңғы жылдарда да, біздің алдымыздағы уақытта да айтылып келеді, яғни Абайдың қара сөздері абайтануда жанр, стиль мәселесі, қазақтың жаңа жазба әдебиетін қалыптастырудағы орны, Абай шығармаларындағы дін жайы, дүниетаным мәселелері, т.б. жөндерден белгілі бір деңгейде қарастырылып зерттелді. Бірақ бұл тұрғыда таласты пікірлер көп. Сол тамырланып кеткен таласты пікірлердің ішінен Абайдың қара сөздерінің жанры туралы сөз қозғағанды жөн көрдік.

Біздің алдымыздағы заманда Абай қара сөздері зерттелу жағынан кенжелеу қалып қойды, оның себебі қара сөздерде діни-философиялық мақамдардың жиі ұшырасатындығы мен айтуға оқталғандардың алдынан «кедергілердің» кесе-көлденең тұрғандығы екендігі бәрімізге мәлім. Тіпті, Абай мұраларын зерттеуге бүкіл ғұмырын арнаған, абайтанудың негізін қалаған Мұхтар Әуезовтің еңбектерінен де ойын кеңінен көсіліп айта алмағандығы байқалады. Бірақ Абай қара сөздері қазіргі кезде де кенжелеу қалпында, оның себебі де діни-философиялық мақамдарда, яғни бұл тақырыптың шеті-қиыры жоқ кеңдігі мен қиындығынан оған көп ғалымдардың тісі батпауында болса керек.

Қазіргі таңда қара сөздердің жанры, аталуы туралы пікірлер әр алуан. Бұның себебін Абай қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері туралы сөз қозғаған Шойынбет Жабалбай Алшынбекұлының: «Бұған себеп Абай қарасөздерін қалыптасқан проза жанрының қатарына тели салудың қиындығынан туындайды» деген пікірімен түсіндіруге болады [1,8-б.]. Шын мәнінде Абай қара сөздерін бір ғана жанрға жатқызу қиын, себебі оның мазмұны белгілі бір формаға бағынбаған. Бұл сөздің дәлелі М. Әуезовтің мына сөздерінде жатыр деуге болады: «Жалпы алғанда, Абайдың осы барлық қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған мемуар да емес. Стиль, мазмұны жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» [2,204-б.].

Жоғарыда ескертіліп кеткен әр алуан пікірлерге тоқталар болсақ, мысалы, белгілі әдебиет тарихын зерттеуші, абайтанушы Бейсембай Кенжебаев Абай қара сөздерінің жанры жөнінде мәнді пайымдаулар айтқан. Мәселен, «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде Абай қара сөздерінің «ғақлия» деп аталып жүргеніне қарсы шығып, қара сөздерді тек «ғақлия» деп қана атау дұрыс еместігін ескертеді: «Өйткені ғақлия-ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында

айтылған өсиет, насихаттау сөздер. Абайдың қара сөздерінің барлығы бірдей мұндай ғибрат, мысал дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал-ғақлия болып келеді. Естуіміз, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана «Ғақлия» деп атаса керек» [3,192-б.]. Сонымен қатар ғалым қара сөздердің нақыл, мәтел сөздер деп аталуына да қосылмайды. Абайдың 37-қара сөзі ғана билер сөзі тәрізді шыққан нақыл, мәтел, афоризм дейді. Б. Кенжебаев Абай қара сөздерін ғылыми трактат деуге де толық қарсы шығады: «Бірқатар зерттеушілер Абайдың қара сөздерін ғылыми трактат деп айтпақ болады. Біздіңше, бұл қолайсыз. Өйткені Абайдың қара сөздері түгелімен ғылыми еңбек емес. Тек бірнеше сөзі ғана (17, 19, 27, 36, 38, 43) ғылыми талдау, ғылыми қорытынды. Мұны Абай өзі «Тастих» деп атаған», – дейді. Сонымен, Б. Кенжебаевтың Абай қара сөздерінің жанры жайлы қорытынды ойы: «Біздіңше, Абайдың қара сөздерінің басым көпшілігі сын, сықақ жөнімен сюжетсіз жазылған көркем әңгіме, басқаша айтқанда, көркем проза, көркем публицистика, эссе – жазба» делінеді [3,143-б.].

Абайдың қарасөздерінің жанрлық жағы туралы арнайы зерттеген Х. Сүйіншәлиев «Абай прозасында публицистика сарыны басым» дей отырғанмен де, оны алты топқа бөледі:

1. Өсиет-ғақлия.
2. Тастих ретінде келетін философиялық трактат.
3. Нақыл сөз.
4. Кеңес әңгіме, дидактикалық насихат.
5. Сын мақала ретіндегі публицистика.
6. Көркем прозалық элементтері бар әңгіме [4,169-б.].

Ал М.С.Силченко «қара сөздер көркем прозаға жата алмайды, өйткені бұл сөздердің әрқайсысында бірнеше жанрдың элементтері бар» дей отырып, қарасөздердің бірқатарын публицистикалық сипатта, ғылыми проза стилінде жазылған шығармалар дейді.

Абайдың тіл өрнегін зерттеп, зерделеп жүрген, абайтануға мол үлес қосқан тілші-ғалым Р. Сыздықова өз еңбектерінде Абайдың сөз таңдау, сөз қолдану, сөз құбылту, сөз үйлестіру тәсілдеріне кеңінен тоқталады. Қарасөздерді тілі мен стилі жағынан толыққанды шығарма дей отырып, олардың көбі – дидактикалық әңгіме, философиялық толғаныс, психологиялық, философиялық этюд болып келетін публицистикалық жанрдағы соны бастамалар, тарихи очерктердің алғашқы ұлттық тілдегі үлгісі дейді.

Қара сөздердің жанры туралы абайтанушы ғалым Ғарифолла Есім «Сөз жанры» дейді. «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қара сөздері нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан» [6,129-б.].

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы айтылған ғалымдардың пікірлерінен байқалатыны Абайдың қарасөздері мазмұны жағынан бір формада жазылмаған. Оларды бір ғана жанрға жатқызу қиын әрі ойлануды қажет ететін мәселе. Бұған

қоса Абай қара сөздерінің аталуы тұрғысында да айтылған тұжырымдар бар, мысалы, біраз уақыттан бері Абай қарасөздерін зерттеп жүрген педагог-ғалым Ауданбек Көбесов: «Абайдың өзі айтып кеткен «Китаб тасдихдағы» арабтың «тасдих» сөзі «сенім», «растау», «бекіту» деген мағына беретін сөздеріне сәйкес келеді, сондықтан Абайдың еңбегін «сенім кітабы», не болмаса «растау» немесе «бекіту кітабы» деп атаса жөн болар еді», – дейді [1,17-б.]. Ал шығыстанушы ғалым Серікбай Қосан өзінің мақаласында былай дейді: «Әрине, «Абайдың қара сөздерін қалай атағанымыз жөн?» деген сауал бүгінгі әдебиетшілердің алдында тұрған күрделі мәселе емес. Әйтсе де, әрбір шығарманың аты, һәм атына сай заты болуы заңды құбылыс. Олай болса, «Сенім және Ақыл кітабы» сынды аты да ақын шығармасының құнын арттырып, мәнін аша түсері даусыз. Бұл арада айта кететін тағы бір жайт, «Сенім кітабы» – ғылыми трактат, ал «Ақыл кітабы» – өсиет, толғаныстар жинағы десе болғандай» [8,6-б.]. Бірақ ғалымдардың бұл пікіріне келісе алмаймыз, себебі, біріншіден, Абай қара сөздері бір ғана атауға сыйғыза алатындай біржақты, бір формалы мазмұнда жазылмаған. Қандай атау болсын, Абай қара сөздерінің мәнін толықтай аша алады деп ойламаймыз. Екінші жағынан, Абайдың «қара сөздері» деген атау халықтың құлағына сіңіп, қабылданып қойды. Оны қайтадан өзгертіп жатудың қажеті жоқ секілді.

Абайдың прозасында ғақлия, нақыл сөздер де, ғылыми мақала да, ойшылдық трактат та, өткір сын, мысқыл ретінде келетін сатиралық әңгіме де, адамгершілік өсиеттер де, публицистикалық насихат түрлері де, шешендік әңгіме кеңестері де бар, сол себепті бұл ретте Ғ. Есімнің пікіріне қосылған дұрыс секілді. Абайдың сөздері өзі ойлап тапқан жанрында еркін жазылған, сол себепті оның бәрін бір мазмұнға, бір жанрға, бір стильге, бір атауға сыйғызу мүмкін емес. Абайдың қара сөздері сол күйінде, сол атауымен, қалғаны дұрыс.

Әдебиеттер

1. Шойынбет Ж. Абай қара сөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері. – Алматы, 2004. – 35 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы, 1967. – 391 б.
3. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986. – 400 б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997. – 928 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері. – Алматы, 1956. – 149 б.
6. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 1995. – 183 б.
7. Сыдиықұлы Қ. Сарқылмас қазына. – 1976. – 196 б.
8. Серікбай Қ. «Китаб тасдих» және оның текстологиясы немесе абайтанушылар неден қателесті? // Қазақ әдебиеті. – 2010. – №2.



Фарица Жанеке,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті*

АБАЙ ӨМІРБАЯНЫ – МҰЗДЫБАЙ БЕЙСЕНБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

Данышпан ақын, ойшыл, ренессанстық тұлға Абайдың өмірі мен шығармашылығының алуан қыры жөнінде атқарылған ғылыми істер мол. Абайтану ілімі қазақ көлемімен шектелмей, халықаралық деңгейге көтерілгені де мәлім. Бұл күнде Абайға қатысты мақалалар мен зерттеулер жүздеп, мыңдап саналады және бұл бағыттағы ізденістер барған сайын жаңа қарқын алып келе жатқаны да байқалады.

Семей қаласындағы Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейі ұзақ мерзімге арналған перспективалық жоспар бойынша соңғы он сегіз жылда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келген. Соның нәтижесінде ұлы ақын, ағартушы-демократ Абай Құнанбаевтың заманы, өмірі, атқарған қоғамдық қызметтері жайлы соны деректер табылған. Мұның өзі Абайдың ғылыми өмірбаянын толықтыра түсуге, қоғамдық қызметін, ақын өлеңдерінің шығу тарихын зерттеп білуге үлкен септігін тигізеді. Табылған мұрағат деректерін уақыт белгісіне қарай бір жүйеге салып зерттеудің ақынның ғылыми ғұмырнамасын жасау үшін ерекше мәні бар.

Абайдың туған күнін біреу – 10 тамыз, біреу – 13 тамыз, біреу – 15 тамыз, біреу – 19 тамыз дейді. Оның барлығы да мұрағаттарға негізделіп айтылған. Олар Омбыда, Ленинградта, Орталық мұрағатта сақталды. Айтылған даталардың барлығы да көрсетілген. Қалай? Қазақтың және орыстың жыл санауында айырмашылық бар. Сондықтан кейбір ақын-жазушылардың туған жылдары бір кейін не ілгері жүреді. Ол құжатты қай уақытта толтыруына байланысты. Мысалы, 2011 жылдың 22 наурызына дейін толтырылса бір басқа. 2011 жылғы наурыздан кейін толтырылса екінші жас кетеді. Ол кезде «жыл ауысты» деген қазақтың ойлау жүйесінде жоқ. Қазақтың ұғымында Григориянның жылнамасы жоқ. Сол құжат қай жылы, қай күні қағазға түскенін қарау керек. Екіншіден, жаңа күнтізбе ауысқан күнде 13 күндік айырмашылық бар. Біреу оны 9 күнге өзгерткен, біреу 13 күнмен есептеген... Мәселе, нешінші тамызда екендігінде емес, Абайдың туған күні тамызда. Жалпы нысана ретінде Янушкевичтің күнделіктеріне қарау керек. Янушкевич сол жылы тамыз айында Құнанбайдың үйінде болған. Сол күнделігіне: «Құнанбайдың жаңа туған баласының туғанына он күн болған, іші ауырып, Құнанбай соны ешкінің майымен майлап, табан астында жазып алды», – дейді. Міне, сол бала – Абай. Сол күн мен Янушкевич көрсеткен күннің арасын шығарсаң, шамамен бір-екі күндік айырмашылық болса да, Абайдың туған күні белгілі болады. Ал Әуезов өзі тамыздың 10-ы деп айтты ма, соған тоқталу керек. Өйткені Әуезов те Абайды көрген адам. Үрім-бұтақтарын көріп, солар белгілеген, Тұрағұл белгілеген күн. Сондықтан «ана

данышпан былай көрсетіпті», «мұрағатта былай екен» деп алыпқашты пікір айта бермеу керек. Сол мұрағаттың қай күні, қай жылдың қай мезгілінде толтырылғандығына мән беру керек [1,6-б.].

Осы уақытқа дейінгі зерттеу еңбектерде және замандастардың айтуы бойынша, Абай ел ісіне әкесінің ырқымен ерте араласты, ерте есейді деп ауызша пайымдады. Ал қағаз бетіне түскен деректер Абайдың жиырма жас мөлшерінен бастап көрініс беріп, өмірінің соңына дейін жалғаса береді. «Абайдың балалық дәуіріне ең жақын, алты-жеті жас шамасында қағаз бетінде аты аталатын дерек – Құнанбай Өскенбаевқа 1852 жылы 24 желтоқсанда толтырылған анықтамада көрсетілген орыс тілінде жазылған бұл құжат 1976 жылы Мәскеуден әскери-тарихи мұрағаттан табылды. Мұнда, Абайдың ата-аналары, аға-інілері түгелдей көрсетілген. Әкесі Құнанбай жөнінде мынадай деректер айтылады: «Үш әйелге үйленген: Әйбөбек, Ұлжан, Айғыз. Бірінші әйелінен ұл балалары: Құдайберді – 30 октябрь 1830 жылы туған, Ысқақ – 11 май 1847 жылы туған, екінші әйелінен: Тәңірберді – 21 март 1834 жылы туған, Ибрагим – 15 июнь 1846 жылы туған, Оспан – 15 сентябрь 1852 жылы туған. Мұрағат деректерінде оқырмандарды ойландыратын жайлар бар. Әйбөбек деп жазылған – Күңке. Ысқақ Ұлжаннан туған, ол Күңкенің бауырында өскен, сол себептен Күңкеден туған болып жазылған. Абай осы уақытқа дейін 1845 жылы туған делініп келе жатыр. 1905 жылы «Семипалатинский листок» газеті Абайға некролог бергенде, 1845, яғни жылан жылы туды, 1904 жылы қоян жылы өлді деп көрсеткен. 1963 жылы баспадан шыққан М. Исаковтың «Халық календары» атты кітабына жүгінсек, «жылан» жылы 1846 жыл болды. Олай болса, архив дерегі дәл сияқты. Ал Абай ауыл молдасынан ескіше оқып хат таныды, он жасынан бастап, Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде үш жыл оқыды, осы жылдары өз бетімен орыс мектебіне барып, орысша сауатын ашты. Әкесі медресені Абайдың аяқтап шығуына мүмкіндік бермей, елге қайтарып алды», кейбір мағлұматтарды М. Әуезов зерттеулерінен байқаймыз» [2,10-б.]. Зерттеушіміз М. Бейсенбаев Қазақстанның, Семейдің мұрағаттарын қарағанда бір ғана мәлімет тапқан. 1858 жылы 6 майда «О численности магометанских мечетей и прихожан мужского-женского пола в г. Семипалатинске» деген ведомость жасалған. Семейдегі мешіттердің саны мен оның иелерінің кім екені көрсетілен. 1858 жылғы бұл мәлімет Абайдың Семейдегі оқыған кезімен сәйкес келеді. Бірақ аттары аталған мешіт иелерінің Ахмет-Ризаға жақын келетін фамилиялары жоқ. Сонда Ахмет-Риза бергі адам, Абай соның әкесінен оқыды ма, ол кім, оны анықтау бізді қиындыққа әкеп тірейді. Әйтеуір елдің айтуынша, Семей қаласындағы қазіргі Қызыләскер көшесіндегі № 108-үй Ахмет-Ризаның мешіт-медресесі болған. Мешіт 1949 жылы өртеніп кеткен де, медресе үйі сақталып тұр» [2,11-б.]. Абай оқыған медресе деп осыны атап келеміз. Зерттеушілеріміз Абайдың орыс мектебінен оқып білім алғандығы туралы да іздестіріп байқағанымен мұрағат дерегіне кездесе алмайды. Абайдың жас кезінде жазылған бір мұрағат дерегі оның інісі Халиолла Өскенбаевқа жазған хаты. Бұл хат Ленинградтағы Шығыс зерттеу институтының мұрағатында сақталған. «Абайдың хаты 1866 жылы 8 мартта жазылған. Халиолла бұл жылы Омбыдағы кадет

корпусында оқитын. 1866 жылы 4 февральда Құнанбай аулының молласы Ғабитхан Ғабдыназарұғылы Халиоллаға хат жазыпты. Бұл хаттың да Абай өміріне қатысы бар: «Тәңірберді ағаңыздың хатыны бір ұғыл тапты, аты – Әзімбай. Ибрахим ағаңыздан бір ұғыл туды аты – Хакімбай» [2,11-б.].

Бұл Абайдың үшінші баласына әке болған жылы болып саналған. Мұрағатты бірінші рет кездестіріп, жариялаған Ә. Марғұлан болған.


Әбіш Жиреншин жазған ақынның өміріне үңілейік. Иә, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген адамдар қалам тербеген, солардың ішінде М. Әуезовтің монографиялық үлкен еңбегі ерекше орында екені және белгілі. Ә. Жиреншин Абайды туғызып, Абайды Абай еткен әлеуметтік-қоғамдық ортаны, тарихи себептерді тереңдетіп көрсеткен. Соның нәтижесінде кемеңгер адамның қалыптасып қана қоймай, адамзат ойының биігіне көтерілуін дұрыс түсінуге мүмкіндік ашылады. Әсіресе Абайдың өз алдына нақты да үлкен, мақсат қоя алғандығының шығармашылық бағытының түзу болғандығын, биіктен биікке шығып отырғандығын анық ұғасыз. «Отыздың жуан ортасына кіргенде ғана барып, «қолын кеш сермеп», білім жолына бет бұрды – орыстың тілі мен ғылымын меңгеруге күш салды, Ресей социал-демократтарымен тығыз қарым-қатынас орнатты, т.б. Міне, сөйтіп жүргенде 40 жасқа таяп барып қана шығармашылық жолға түскендей болды. Ал данышпан ақынның өмірден 59 жасында өткені белгілі. Тағы да, өзі айтқандай 60-тан әрі бармады»...[3, 3-б.]. Мұның бәрі – Ә. Жиреншиннің Абай туралы айтқандары. Ол Абай туралы: «Бұл бетбұрыста тереңнен ойлаған нысана жатыр», – деп түйіндейді. Яғни Әбіш атамның жазғандарында логикалық жүйелілік ерекше басым.

«Абай жеке бастың шындығына да жете білді. Жүрегінің түбінде тұнып жатқан тұңғық сырлардың жиегін ашып, нұр беріп, өзінің де рухани міндетін анықтады. Өзі кім, мақсаты не, елі кім, оған өзінің немен борышты екенін айқындады. Осы жолға барын салып, белсене іске кірісті [4,11-б.].

Сонымен қорыта келгенде, жылдар өткен сайын Абай бізге жақындай түседі. Алда да абайтанудың талай беймәлім тұстары ашыла беретініне кәміл сенеміз.

Әдебиеттер

1. Жұртбай Т. Абайтану туралы пікір айтатын жаңа ұрпақ өткен мен бүгінді байланыстыра алмай жүр // Алаш айнасы. – 2011. – 10 тамыз.
2. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен): Әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 136 б.
3. Ибрагимов Т. Абайтанушы (Әбіш Жиреншин – ұлы ақын мұраларын ғылыми-зерттеудің негізін салушылардың бірі) // Семей таңы. – 2003. – 6 маусым.
4. Бердібай Р. Абайтанудың көкжиегі // Қазақ. – 2008. – 5 қыркүйек.



Әлия Бостанова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті

АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

Қазір әдебиетіміздің тарихында орны ойсырап тұрған, елге ежелден белгілі болған ақын, жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен, Шәкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені ол – Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі және бірегейі.

Олай дейтініміз, Абай шәкірттерінің ішінде көп жазғаны да – Шәкәрім. Ол – әрі лирик, әрі эпик ақын және прозаик, ол – композитор және музыкант, орыс және шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған шебер аудармашы, ол – терең ойшыл әрі бармағынан мөр тамған сегіз қырлы өнерпаз, үлкен мәдениет қайраткері.

Мұхтар Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында «Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен» ақындар туралы айта келіп: «Мұндай ақын – төртеу, – дейді. Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия; Абайдың өз балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері, Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қара сөздерін оқушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған... Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болады» [1,3-б.].

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ең ірі ақынымыз – Шәкәрім.

Шәкәрім ақын өзінің өмірдегі мұрат-мақсатын айқындап ашып айтып, халқының алдында серт беріп, былай дейді:

Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін.
Серт қылғам еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін [1,4-б.].

«Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың» деген Абай қағидасын Шәкәрім бүкіл өмір бойы берік ұстап өткен адам.

Ақын:

Адамның маған бәрі бір,
Не мұсылман, не кәпір.
Тамам адам бір бауыр,

Бөлінбесе өлген соң,
Мен ұлтишыл емеспін,
Жақыным мынау демеспін,
Ашылсын анық көмескім,
Айтайын кезі келген соң, –

дейді [1,4-б.].

Шәкәрім – ауылдан ұзап шығып, ешбір оқу орнында оқымаған адам. Оның мектебі де, университеті де – Абай.

Арнайы оқу орындарын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздеу нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең гұлама адамдардың бірі болып шығады [2,7-б.].

Ұлы Абай: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім», – дейтін. Абай мектебінен тағылым алған, Абай жолын жалғастырған Шәкәрім де екі жаққа бірдей назар салады, әлемдік сөз өнерін танып-білуге, оның бар жақсысын бойға сіңіруге, ел игілігіне айналдыруға күш салады. Тіпті: «шығысым батыс болып кетті» деген ақын аға ізімен, өмірінің екінші жартысында Еуропа әдебиетіне, оның ішінде, әсіресе орыс әдебиетіне айрықша ден қояды [2,21-б.].

«Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз» деген Абай қағидасын берік ұстаған Шәкәрім діннің соқыр сенімін мансұқ етіп, дін иелерінің азғындығын әшкерелейді. Ғалым, ойшылдардың жазғандарына да талғаусыз табына бермейді, өз ақылына жүгініп, сыншыл ой көзімен қарап оқиды.

Адасып діни азғаның,
Пәниілер ғылым қазғаның,
Философ ойшыл жазғаның,
Сынауға енді бұрдым бас, –


дейді [1,16-б.].

Шәкәрім бір әңгімесінде: «Отыз жас шамасында бір айдай тілім байланып, сөйлей алмай қалдым. Осы кезде жеті жастан бастап жазған өлеңдерімді өртеп жібердім. Артынан Абай ұрысты, өзім де өкіндім», – дейді екен. Және бір сөзінде: «Абай қазақ шежіресін жаз деп, он тоғыз жасымнан қазақ шежіресін жинай бастадым. Абайдың ұқтыруы және сол кісінің ел-елге кісі жіберіп, хат жазып жинатқан мәліметтері де шежіреде бар», – дейді. Сөйтіп, он тоғыз жасынан бастап қазақ шежіресін жазу жұмысына кірісіп, Абайдың көзі тірісінде аяқтаған. Бұл еңбегі 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деген атпен жеке кітап болып басылып шыққан. Шәкәрім жазған шежіре – қазақ тарихын ғылыми тұрғыдан танып білуге ұмтылған Абай ойының жалғастық табуы. Өйткені Шәкәрімнің шежіре кітабындағы «Қазақтың қайдан шыққандығы» деген тараушасында айтылған ой-пікір желісі үнемі Абай айтқан пікір негізінен туындап отырғанына көзің жете түседі.

Шәкәрімнің ойы бойынша, өмірдің ақиқатына жетемін деген адам шуылдаққа көп көңіл бөлмей, ақылын әбден шын босатып, әрнәрсені ноқтасыз, науқассыз сау ақылмен сынап, өз жүрегімен шешуі қажет. Осылай әркім өзінің сенімін берудің ықпалымен емес, өзінің жүрегіне жіберіп, ақылмен қабылдауы керек. Бұл арада «науқассыз сау ақыл» деп таза ниетті ақыл айтылып отыр. Ақын осы ойларын өзінің «Тура жолда қайғы тұрмас» атты өлеңінде толық түсіндіріп береді. «Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз» деп Абай да шындыққа әркімнің өзі жетуі керек екенін білдіреді [3,19-б.].

Әдебиеттер

1. Шәкәрім Құдайбердиев. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 250 б.
2. Мағауин М. Шәкәрім //Жалын, 1988 жыл.
3. Омаров Д. Шәкәрімнің «Үш анығы»: дүниетаным. – Алматы, 2008. – 224 б.



204338(7)

Ақнұр Сағатова,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ филологиясы мамандығының
3-курс студенті*

АБАЙ – ЛЕРМОНТОВ ҮНДЕСТІГІ

Ақындардың бір-бірінің өлеңін аударуы – заңдылық. Абай да, Лермонтов та бір дәуірдің адамдары, демек, олардың қоғамды түйсінуі де, ақындық көзбен қарап, қабылдауы да өзінше жақын. Тек бөлетіні – екі халық өкілі екендігі және ұлттық танымның өзгешелігі ғана... Ақынды ақын ететін – заман. Ал заман мен адам диалектикалық байланыстағы ұғымдар. Адамның қарым-қалыбымен, таным-өрісімен, әлеумет-әлеуетімен заман қаңқасы жасалатыны мәлім. Ал осы заман ақынды жасамақ. Заманмен туған осы екі ақынның да дүниетаным мен қалам қарымы, таным-талғамы бір-біріне етене деп ой түйеміз. Ендеше осы ойымызды дәлелдеп көрейік...

Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдерінің жалпы саны – (кей деректе 27) 22 өлең: «Қанжар» (Кинжал), «Бородино», «Қорқытпа мені дауылдан» (Не пугай меня грозою), «Әм жабықтым» (И скучно, грустно), «Ой» (Дума), «Альбомға», «Жалау» (Парус), «Жартас» (Утес) және т.б. Абай орыс ақынының өлең-жырларын ғана аударып қойған жоқ, сонымен бірге дастандарын («Демон», «Исповедь»), прозалық шығармаларын («Вадим») аударуға да баса көңіл бөлді [1,5-б.].

Ортағасырлық шығыс дастандары, шығармалары аудармашылығында назирагөйлік дәстүрі дамығаны белгілі. Бұл дәстүрді ХІХ-ХХ ғасырдағы қазақ ақындары да қолданған. Назирагөйлік дәстүрдің ерекшелігі – еркін жырлау, жаңаша жырлау. Абай да Лермонтов шығармаларын аударуда еркіндік, жаңашылдық танытқан, өз қалам ерекшелігімен аударған. Әрқашан Лермонтов өлеңдерін өз болмысымен астастырып, өз көңіл-күйімен ұштастырып аударып, жырлап отырған. Әрине, өлеңдерді аударуда ақындар өз қалам ерекшелігімен өрнектейтіні белгілі, бірақ өз көңіл-күйімен байланыстырып аудару сирек жағдай. Абайдың Лермонтов өлеңінің мазмұнын бастан-аяқ бұлжытпай дәл жеткізуді мақсат етпей, кейде толғанып, тебіреніп аударатыны көзге түседі. Сондықтан оның кейбір аудармасы өзінің қолтума өлеңіндей болып шыққан. Өлең аудару процесіндегі бұл жайтты еліктеу ме, әлде аударма ма деген сұрақ та туып қалады...

Негізінде Абай Лермонтов өлеңдерін аударуда кейде көп еркіндікке де бара бермегенін байқауға болады, өз кезегінде өзек шеңберін тұтынып отырған. Мәселен, орыс ақынының «Дума» өлеңінің басқы шумағын былайша берген:

*Қарасам қайғырар жұрт бұл заманғы
Салқын, қуыс – өмірі я қараңғы,
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды [2,18-б.].*

Ал Лермонтовта ол былайша өрнектелген:

*Печально я гляжу на наше поколение!
Его грядущее – иль пусто, иль темно,
Меж тем, под бременем познания и сомнения,
В бездействии состарится оно.*

Және еш боямасыз дәлме-дәл жеткізе білген орыс ақынының келешек ұрпаққа деген қайғырушылығы, жастардың қараңғылығы, таным мен күдік арасындағы масылдықты, қартайған қарттай еш әрекетсіздігі – барлығы Абайда берілген. Лермонтовтың өкініш-күйініші мен Абайдың түйсігі дәл осы жерде тоғысатынын, бір екенін байқауға болады. Екі ақын да өз заманының білімсіз тоғышар жастарына деген наразылықтарын, көңіл толмаушылықтарын ашық білдірген. Бұдан Абайдың Лермонтов өлеңдерін жүйесіз таңдамағаны, белгілі бір қағидаға сүйенгені байқалады. Жалпы, бұл өлеңді аударуда Абай салыстырмалы түрде дәлдікті позицияға алған. Лермонтов өлеңдерін Абай қазақ тұрмысымен, қазақ таным-түсінігімен ғана бере отырып аударғанын байқаймыз (қазіргі ақын-жазушылардың шетел ақындарын аударғанда), артық қазақ түсінігіне ауырлық түсіретін шетел элементтері жоқ. Мәселен, Лермонтовтың «Дума» өлеңінің:

*И жизнь уж нас томит, как ровный путь без цели,
Как пир на празднице чужом, –*

деген екі тармағын былайша баламалаған («Ой» өлеңінде):

*Өзі өнерсіз, өмірден тез суынар
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін [2,19-б.], –*

деп берген.

Негізінде мағына нақты берілген: келешек ұрпақтың тағлымсыз, білімсіз екенін жай ғана ой ойлаған жолаушыдай бос жүрісін (жай ой еш нәтижеге әкелмейтіні белгілі қарекетсіз, осыны ақындар тұспалдап отыр!) контекстегідей дәл бере білген, алайда «как пир на празднице чужом» деген жолдарды Абай аудармаған. Батыс мәдениетінде бар, мұсылман мәдениетіне жат және жиіркенішті түсінікте бермеген. Пир дегеніміз – батыстың жабайы тайпалары ұйымдастыратын ойын-сауық кеші екені белгілі, Абай осы детальді беруді қажет деп таппаған. Өлеңдердің құрылысында да аса айырмашылық байқалмайды. Абайдың Лермонтов поэзиясына деген ықыласы ерекше болды. Ол орыс ақынын айрықша жақын көрді, сырлас, мұңдас тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімдене ден қойған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны, ең бір өзіне үндес сезінген адамы Лермонтов еді десек, артық бола қоймас [3,177-б.].

Абай орыс тұрмысы мен қазақ тұрмысы жақын екенін білді. Абай Лермонтов шығармаларын қазақ өміріне жанастыра қабылдауды шет көрмеген (негізінде өзге елдің шығармасымен танысар алдында, ол елдің тұрмыс-жайымен, қоғамдық бітім-болмысын білген жөн, олай болмаса шығарма өзегін түйсіну мүмкін болмас еді).

Абай Лермонтов «Кинжал» өлеңін неге аударғаны белгісіз. Негізінде Абай орыс ақынының ойын жеткізбеген және меніңше өз ойын да еркін жеткізіп

отырған жоқ, өте күңгірт. Лермонтов өзінің сертке ұстаған қанжарын сипаттап отыр, қанжар – ол қаталдықтың, суықтықтың белгісі. Ақын қанжардың қалыбына сүйсіну арқылы батырлыққа да сүйсініп отыр. Ал Абайда мұндай мотив-сарын байқалмайды. Бұл өлеңнің тылында не жатқанын түсіну үшін зерттеу қажет, қанжар өзге шетел поэзияларында қандай символдың, қандай көңіл-күйдің белгісі екенін зерттеу керек. Ал Абайдың бұл өлеңге телген мағынаны әзірше түсіндіру қиын. Және Абай Лермонтовтың бұл өлеңін аударуда мүлдем құрылысқа мән бермеген: орыс ақынының шумақты өлеңін қазақ ақыны үш шумақ арқылы жеткізген.

«Қараңғы түнде тау қалғып...» – Абайдың М.Ю. Лермонтовтың «Из Гете» атты өлеңінен аударған өлеңі. Өлең – Абай аудармаларының ішінде шоқтығы биік озық үлгісі. «Түншығарсың сен-дағы, сабыр қылсаң азырақ» деп өлеңде Гете де, Лермонтовта да, Абайда да дәлме-дәл, сөзбе-сөз өрілген. Абай аудармасы арқылы берілген (Гете – Лермонтов – Абай парадигмасы) «Қараңғы түнде тау қалғыпты» білмейтін, шырқамайтын қазақ жоқ, сірә.

«Абай Лермонтов өлеңдерін аудару барысында әлеуметтік-эстетикалық танымы мен шығармашылық нысанын білдіретін ұғымдардың аттарын аударуда ықшамдау принципін ұстанады. Түпнұсқаның негізгі мазмұнын, мағыналық өзегін сақтауда, сөйтіп, автордың ойын жинақтап жеткізуде бұл принцип оңтайлы және едәуір тиімді көркемдік қызмет атқарады. Мұндай сипатты аудармада түпнұсқа мәтіндегі тікелей аударуға болмайтын ұғымдарды сөзбе-сөз немесе сипаттай аудару аударманың мазмұны мен мағынасы арасындағы келісім мен жарасымға көлеңкесін түсіруі ғажап емес», – деп көрсетеді жаңашыл зерттеуші Әйгерім Әлімжан «Абай аудармалары айшықтары» мақаласында. Демек, Абай қазақ тарихында аударма практикасының теориясын да жасай білгенін байқаймыз. «Сөз арасын бөтен сөзбен былғамаудың» заңын жақсы білген. Аудармада ықшамдау, жинақтау принципін қолдану да, бір жағынан, тиімді және мұның өзі айтарлықтай шығармашылық нәтижеге алып келетінін Абай аудармаларынан байқауымызға болады. Кейбір өлеңдерді аударғанда Абай шумағын да, ұйқас түрлерін де берік сақтайды. Орыс өлеңдерінің ырғақ, буындары қазақ өлең буындарына дәл келе бермейді. Өйткені орыс өлеңі – тоникалық не силлабо-тоникалық өлең құрылысына жатады да, қазақтікі – силлобикалық өлең құрылысына жатады. Абай өлең формаларын өзгертпеген сәттері де көп. Мәселен, өлеңді аударуда Лермонтов қолданған а-б-а-б ұйқас моделіндегі форматты дәл сол күйінде берген. Мәселен: Лермонтовтың «Измаил-бей» поэмасы кіріспесінің:

*Опять явилось вдохновение
Душе безжизненной моей:
И превращает в песнопенье
Тоску, развалину страстей, –*

деген жолдарын былай аударды:

*Көңілдің күйі тағы да
Өмірсіз жанның алды ішін:*

*Аударды өлең жағына
Нәпсінің сынған қайғысын, –*

деп береді. Лермонтовта а-б-а-б ұйқасы Абайда да а-б-а-б түрінде берген. Сол сияқты Абайда:

*Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әр нені,
Бір себепсіз қайғы құр
Баса ма екен пендені? –*

деген жолдар Лермонтовта былай өрнектеледі:

*В небесах торжественно и чудно!
Спит земля в сиянье голубом.
Что же мне так больно и так трудно
Жду ль чего? Жалею ли о чем? –*

деп сол ұйқас моделінде берілген. Тек өлең құрылысы ғана процеске ұшыраған. Абайда 7 буынды, Лермонтовта 9 буынды. Алайда екі өлеңді бұлай талдауға болмайды. Себебі өлеңнің құрылысына негіз болатын тілдің болмысына, табиғатына байланысты. Ал орыс тілінің табиғаты қазақ тілінің табиғатынан мүлде бөлек. Сондықтан да үндестікке негізделген қазақ өлеңі – силлобикалық өлең, ал орыс өлеңі – силлобо-тоникалық өлең. Алайда Абай орыс тіліндегі өлеңдердің аз-кеміне қарамастан, қазақ өлеңінің 11 буындық кара өлең үлгісіне сыйдырып аударып білген. Бірақ Лермонтовтың өлеңдерін аударуда көп өлеңдері кара өлең үлгісінде жазылған. Ғалымдардың көбі Абай тудырған ұйқас түрлерінің пайда болуына орыс өлеңдерінің ықпалы болды дегенді айтады. Абай өзі 17 ұйқас үлгісін жасаған екен. Ал Абайға дейін қазақ өлең үлгісі 3-еу ғана болған екен. Алайда тағы бір ғалымдар тобы Абай тапқан ұйқастар Абайға дейін қазақ халық ауыз әдебиетінде, фольклорында кездесетін үлгілер, тек шашыраңқы келеді, Абай сол үлгілерді синтездеп бір формаға бекіткен, өзінің таланттылығының, дарындылығының, ақындылығының арқасында осындай өлең ұйқастар үлгілерін жасады дегенді айтады.

Қалай десек те Абай орыс ақындарының өлеңдерін аударуда зор жетістікке жеткен. Абай аудармаларының үздік болуының үш түрлі себебі бар: 1) өзінің үлкен таланттылығы; 2) орыс тіліндегі өлеңдерде қолданылатын сөздердің тек жай мәнін ғана емес, көркемдік қасиеттерін терең ұғынуы; 3) қазақтың өз тіліне ақынның мейлінше байлығы. Абай аудармалары тілімізді байыта түсті. Жаңа ұғымдар, тың теңеулер, эпитеттер, соны сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызды. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Ойлаудың бейнелі жаңа түрлері шықты.

Әдебиеттер

1. Ахметов З. Абай и Лермонтов // – Алматы: Арда, 2008.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 395 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

Айжан Жамбылбаева,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті*

АБАЙДЫҢ СЕНАТҚА ХАТЫ ТУРАЛЫ

*Жүрегімің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма, –*

деп Абайдың өзі айтып өткендей Абай заманы Абайға өмірдің тәттісі мен ащысын қатар ұсынды. Ақын жүрегі соқпағы мол жолда кездескен небір қиындықтарға қарсы тұра білді. Абай жер дауы, жесір дауы мәселесінде әділ шешім шығарып, тура жолды тани білген. Қиындығы үлкен осындай бір дау Мұқыр-Шыңғыс болыс аралығындағы жер бөлігін, шекарасын белгілеуде, анықтауда туған болатын. Осы кезде Абайға үлкен қастандық жасалды. «Даланың қуыс кеуде, тоң мойын жуандарын тәртіпке шақырып, әділік күтіп» өкілетті сенатқа хат жазған болатын [1,344-б.]. Хат мазмұнында Абайды аяусыз соққыға жыққандығы, жасалған қастандық Оразбай Аққұловтың ұйымдас-тыруымен болғаны туралы айтылады.

1898 жылы июнь айында Семей уезі начальнигінің қатысуымен Мұқыр болысының алдағы 1899-1902 жылдағы үш жылдық болыс сайлауы жүргізілмек болады. Сол мезгілде Мұқыр және Шыңғыс болыстары тәртіпке келтіру үшін уезд начальнигі Абайды шақыртып алып, бұрынғы бөлінген шекара межесін көрсетуге көмектесуін өтінеді. Сол себептен Абай 1898 жылы 17 июнь күні уезд начальнигі отырған үйге түседі. Содыр шонжарлар Абайдың еңсесін басып, съезден аулақтату мақсатында қамшымен сабалайды. Абайдың айтуынша, Мұқыр болысының управителі – Мұсажан Әкімғожин, Бейсенбі Жақыпов, Әбен Бітімбаев, Әкімжан Исабаев, Рахым Өмірзақовтар. Жақыпов Абайдың беліндегі қындағы пышағын, Бітімбаев бас киімін, Өмірзақов сағатын тонап әкетеді. Одан әрі жерге жығып, қамшының астына алып, ұра бастайды. Абайдың қасындағы Уәйіс Сопин Абайды өз денесімен қорғаштап, келесі соққыларды Абайға тигізбейді. Абайдың айқайын естіген уезд начальнигі өзінің стражниктерінің көмегімен бұл топты қуып жібереді [2,46-б.]. Бұл айтылғандар – Абайдың «Сенатқа хатында» келтірілген мәлімет-деректер.

Осы оқиға жөнінде Ғабит Мүсірепов: «Абайға қол іс жасағандардың жуан ортасында болған Мұқырдың болысы Мұсажан Әкімғожин, Бейсембі Жақыпов, Әбен Битембаев, Әзімжан Исабаев және Рахым Өмірзақов болды. Міне, Абайды сабаған адамдар – осылар. Абайдың өзі көрсетіп отырған тізімнің ішінде бұрын айтылып жүрген Оразбай, Әзімхан деген адамдар жоқ», – дейді. Ал облыстық правлениенің қаулысында «... по подстрекательству киргиза Бугулинской волости Оразбая Аккулова на него напали толпою киргизы

Мукурской волости», – деп жазылса, «Мукурской волости существовала в то время партийная вражда, как это видно из показаний Оразбая Аккулова» [3,130-б.], – деп жазылуынан да партиялық жауласушылықтың бар екенін, осы іске араласып жүрген, Абаймен жауласып жүрген Оразбайды көреміз. М. Әуезовтің Абай өміріне арналған «Абай жолы» эпопеясында бұл оқиға былайша көрініс табады. «Абай отырған үйге көрші үйлерде тығылып, сайланып отырған, қандарын ішіне тартқан елу-алпыс атқамінер бар екен. Солардың тап алдында Сәмен түсіп алыпты. Кейбіреулерінде қолшоқпар, тағы біреулерінің сапысы бар... Абайдың үстіне есікті шалқасынан аштырып, аттап, екпіндеп Сәмен кіргенде, қалған он-он бес кісі қатарынан қаруларын жасырмай иін тіресе, сұғына берді. Сәл сескеніп, үнсіз қарап қалған Абайға Сәмен тура басып, адым-дап кеп, қатты сұмдық боқтық айтты. «Соңымнан қаласың ба, жоқпысың?» деп қамшымен бастан тартып жіберді. Сол-ақ екен, Абайдың үлкен денесі қозғалып тұруға да мұрша келмеді. Соққы жауып кетті. Кім екені белгісіз, жаңағы келген топтың ішінде, енді Абайды талап өлтіруге айналған түрді көріп, қимаған біреулер, Абайдың денесін бүркеп құлай кеткені де болды. Олар біреу емес, бірнеше адам...» [4,259-б.]. Абай куәлігінде Уаис Сопин өз денесімен қалқалап, қатты тиер таяқтан, ауыр соққыдан аман алып қалған. Бұл – нақты тарихи дерек. Абай көрсеткен жауыздар есімі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолында» Сәмен болып өзгертіліпті. Келтірілген үзінді – әдеби шығарма. Уәйіс Сопин Мұхтар айтқандай, топ ішінде жаны ашыған біреу Абайды өз денесімен құт-қарып қалғандығын айтады. Мұздыбай Бейсенбаев өз еңбегінде: «Абайдың қасындағы Уәйіс Сопин Абайды өз денесімен қорғаштап, келесі соққыларды Абайға тигізбеді», – дейді. Сенатқа жазылған арызда: «Мною на следствии справедливости обвинения, были указаны свидетели, киргизы: Кокпай Джанатаев, Садык Увакпаев, Куныбазар Чылдыбаев, Хусаин Кикыбаев, Есендик Базаров и Уваис Сокин» [1,345-б.], – деп жауыздар қатыгездігін көрген куәгерлерді атап-атап көрсетеді. Бұлардың барлығы – Абайға жақын жандар. Олай болса, Уәйіс Сопин қарсы топтың адамы болуы мүмкін емес. Мұхтар Әуезов көркем туынды арқылы Абайдың жанашыры өз тобынан емес, қарсы топтан да табылатындығын, еш себепсіз соққыға жығылған адамгершілік пен әділдікті танитын адам барлық топтан да шыға алатындығын көрсеткісі келегендей. Сонымен қатар «Олар біреу емес, бірнешеу...» деген сөйлем бойынан Абай жақтасы, жанашыры, сырлас-мұндасы сиреп қалмағандығын, ешқашан жоғалмайтындығын айтып отыр. Ақын өмірінде орын алған осындай қым-қиғаш оқиғалар ақын жүрегіне өшпестей сызат түсірді.

*Жүрегімді кескілеп салып жүрген,
Арсыздарды досым деп неге аяймын?
Ішімде қайғым қалың, көз жасым көп,
Адам жоқ, кімді дос деп мұң шағушы ем [5,14-б.], –*

деп жырлағандай Абайдың жай-күйі шынымен-ақ ауыр халде еді. Енді бірде жаны жараланған ақын өкінішін, мұңын жырлап, қамыққан көңіл дертіне дауа іздейді.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
 Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
 Махаббат, гадауатпен майдандасқан,
 Қайран менің жүрегім мұз болмай ма [1,44-б.]?

Сенатқа жіберілген хаттың жауабы өз дәрежесінде бола алмайды, яғни қылмыскерлер жазаланбайды.


«Аузың күйді аулақтан,
 Енді жақын салсаңшы.
 Қабаған біздің мойнақтан
 Бір күшікті алсаңшы.
 Бөз орнына сөз беріп,
 Құда, тамыр, дос кетті.
 Қол ұстамай көз көріп,
 Айтқан арыз бос кетті [1,59-б.]»

Абай неге Крылов пен Лермонтовқа көп жүгінген? Бәлкім, соққы зардабы, жүрек назы өткеніне үнілте отырып, қанаушы тобырлармен күресудің шығармашылығын өзгертті. Осы жылы жазылған «Теректің сыйы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Қазаға ұрынған қара шекпен» және т.б. өлеңдері ақын мұңынан, тамыры тереңдеп бара жатқан қамыққан көңілінен сыр шерткендей болады.

Өз заманы Абайды өз дәрежесінде бағалай алмаса да, өскелең ұрпақ ақ пен қараны ажыратып, талғамы зор танымымен саралап, Абайды даналықтың, ақындықтың, әділдіктің биігіне көтерді. «Бір-бір өлкеде гүлдеген саялы тоғай, мәуелі бақ өсіп, бұтақтарында өнген-өскенді мадақтап құмыр бұлбұлдар Абай деп сайрап, Абай сырын ұғынуға талпынуда...» [4,393-б.]

Әдебиеттер

1. Абай. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2-том. – 1995. – 384 б.
2. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен): Әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 136 б.
3. Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет: әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 352 б.
4. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 400 б.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Жібек жолы, 35-том. – 2008. – 416 б.
6. Асылжанов Б. Абайдың сенатқа хаты // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 24 апрель. – 1981 ж.



Зейнегүл Жұмабекова,

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
 филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
 қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
 3-курс студенті

АҚЫЛБАЙ АБАЙҰЛЫНЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ «ДАҒЫСТАН» ПОЭМАСЫ

Қазіргі уақытта адамзат баласының саналы ғұмыр-жолында ойлап тапқан, кәдесіне жаратқан жетістік-жаңалықтарының биік шыңы – жазу мен кітап деп айтылып келеді. Әрине, дұрыс пікір. Алайда сол жазу мен кітаптың өзінен бұрын дүниеге келген рухани азықтың еңбегі мен азабы өлшеусіз.

Абай мен оның шәкірттерінің рухани мазмұнды ақпарат белгілі уақытқа тәуелді емес, бұлар – адам баласымен бірге жасайтын өмірлік, өміршең мәселелер. Олар көтерген мәселелер ұлттық құндылықтарды ғана құрамайды, жалпы адами мәселелерді де қозғайды.

Абайдың қазақ әдебиетіне XIX ғасырда және XX ғасырда еткен әсері мол. Абайдың өзін көрмей сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасында арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар [1,107-б.]. Ал өзінің айналасында үнемі бірге болып, тәрбиесінде болған ақын шәкірттерінің шығармашылықтары Абай мектебінде ойып тұрып орын алары сөзсіз.

Абайдың тікелей шәкірттері жайлы Мұхтар Әуезов мынадай ой қозғайды: «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы – Абай дүниеден өткен жылы қайтыс болған. Қалған екеуі Көкбай, Шәкерім. Осы төрт ақын – Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қара сөздерін әрі оқушы, әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған.

Абайды зерттеуге осы төрт ақын атын қыстыратын бір үлкен себеп, бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де бой ұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады [2,244-б.].

Абайдың ақын шәкірттерінің ішінде романтикалық поэмаларды жазумен Ақылбай ерекшеленеді. Бұл бағытта Мағауия да жазды, алайда Ақылбайдың жазу сарыны ұстазы Абайдың өзі жазбаған үлгідегі шығармалар болып келеді. Оның поэмаларындағы үлгі ұстазынан мүлдем бөлек деп те айта алмаймын, себебі Абай орыс классик әдебиетіне барды. Ақылбайдың да туындыларында бұл стиль кездеседі.

Ақылбай – Абайдың тұңғыш баласы. Кішкентайынан атасы Құнанбайдың қолында еркін, ерке, еш мұқтажсыз өскендіктен ол сабақ ұқпайтын, еріншек болады. Сол уақыттарда Абайдың «Ақылбайға» деген өлеңі дүниеге келеді.

Құнанбай қайтыс болғаннан кейін Абайдың қарамағына көшіп, әкесіне еліктеп өлеңдер жаза бастайды. Мүмкін сол еркін өскендіктің салдарынан ба, Ақылбайдың ақындық өнері кеш дамиды. Ақындығы енді-енді шыңдалып келе жатқанда ол дүниеден өтеді. Сол себептен де Ақылбайдың бізге «Жаррах» деген шығыс ертегісінен алынған поэмасы жоғалып кеткен, «Зұлыс» поэмасы жартылай ғана жетіп сақталған. Тек толық қолда бар «Дағыстан» («Қисса Жүсіп») поэмасы ғана.

«Дағыстан» анық өмірлік романтика үлгісінде жазылған шығарма болып саналады. Мұхтар Әуезов зерттеу еңбектерінде бұрын қазақ поэзиясында үлгісі болмаған, өзгеше шығарма деп жазып кеткен. Абайдың өзі жазбаған үлгідегі шығарманың бірі осы және басталуында ғана Абай жолын Ақылбай ұстанған деген пікірді де Мұхтар қалдырған. Осы шығармада Абай поэмаларының жазылу сарынымен белгілі бір ұқсастықтар бар. Ал бізге толығымен жетпеген «Зұлыс» туындысында Абай шығармаларындағы ешбір ұқсастық кездеспейді. Себебі бұл туынды көбіне фантастикалық сюжеттерге құрылған. Ал мұндай желілер Абай түгіл қазақ поэзиясында бұрын-соңды қолданылмаған, тек шет елдік ақын-жазушыларда пайдаланылған.

Мұхтар Әуезов осы «Зұлыс» жөнінде: «Тақырып, сюжет жақтарынан қарағанда, мұндағы әңгіме XIX ғасырда, Батыс Еуропа әдебиетінде көп үлгілер туғызған жиһанкездік және отарлық тақырыптың романдарына (колониальный роман) ұқсайды. Негізгі әңгімелік желісіне қарағанда, бұл поэманың ең жақын-дасатын романы – Хаггарттың «Копи царя Соломона» деген шығармасы. Ол ағылшынның отаршыл санадағы жазушысы болатын. Бірақ Ақылбай сол тақырыпты көп өзгертіп, өзінше жаңғыртып алған болу керек» [2,220-б.].

Бұл поэма («Дағыстан») Кавказдағы Дағыстанда болған бір тартыс әрекеттерді баян етеді. Ақылбай осы шығармада өзі қазақ ақыны бола тұрып, тақырыпты қазақ тіршілігінен ұзап барып, өзге ел тұрмысынан алып жазады. Абайдың антик дәуірінен «Ескендір» тақырыбын, араб ескілігінен «Масғұт» тақырыбын алып, ұлттық шеңберден кеңірек өріс іздеген дәстүрін танытады [2,215-б.].

Шынымен де, Ақылбай қазақ бола тұра Кавказдың әсем табиғатын басқалардан өзгеше, тіпті артық суреттейді десем қателеспеймін. Мысалға:

*Кавказды сұлу қылған құда қалап,
Көрген адам кете алмас тамашалап [3,85-б.].*

Ақылбай адамның образын асқан шеберлікпен көрсете білген:

*Тәкаппар Дағыстанда Жүсіп батыр,
Бақыты асып құрбысынан келе жатыр.
Екі сөзді көтермес зор көкірек,
Соқтығып бұған ешкім, тимейді ақыр [3,87-б.].*

Жүсіптің жас кезінен бастап оның батырлығын, өркөкіректілігін, ешқандай сөз көтере алмайтындығын жас жігіт ретінде суреттейді. Сол бір ақау мінезінен, қызғаншақтығынан жазықсыз Ибраһим батырды мерт қылады. Жалғыз

баласынан айырылған Әлі кемпір Жүсіпті үрім-бұтағымен бірге қарғайды. Көп жылдардан соң Жүсіп үйленіп, бес ұлы Мұса, Жағыпар, Таяр, Рахим, Әлі мен жалғыз сұлуы Заһираның әкесі атанады. Алайда сол кездегі ананың көз жасының қарғысы айналып келіп балаларына жетеді. Бес ұлы қаза болады. Өткен уақыттағы Ибраһимнің өліміне ғана күнәлі болмай, қызының ғашығы, тағы бір кедей батыр Жәбіраһилдің өліміне де себепші болады. Махаббаттың күйігі жанына батып, жалғыз қызы өлім үстінде жатады. О басында жазықсыз пендені қызғаныштан, ақымақтықтан өлімге қиғаны үшін балалары қайғылы оқиғаға ұшырап, ақыр соңында барлығы өз басына үйіріліп азап халге қарт Жүсіп те түседі.

*Күрсінді сөзін естін Жүсіп кәрі,
Көзінің жасқа толып кетті бәрі.
Өткен істің қатесі ойға түсіп,
Келді-ау, – деп, – Әлі кемпір қылған зары [3,87-б.].*


Адамдағы қызғаныш, кекшілдік, әділетсіз, сотқарлық сияқты бұзық мінездерді сынаумен және айыпсыз таза сұлу махаббатты барынша қостаумен қатар жаңағыдай қарғыс деген наным жүреді. Жаңа үлгілі поэмасын Ақылбай өз заманының діндік суевериелік ұғым, нанымдарымен әсірелеп алған [2,217-б.].

Жалпы, шығармадағы көркем элементтерді суреттей берсек олар өте көп. Поэманың негізгі идеясы – қолмен істелген қиянаттың айнала кетпей міндетті түрде өзінің жазықтысын тауып, кінәсін мойындату. Онымен қоса, романтика үлгісінде жазылған шығарма болғандықтан, адам бойындағы аса бір сезімтал сезім махаббатың күйлерін көркемдеп жырлаған.

Қорыта айтқанда, Абайдың ұстаздығы ақын шәкірттеріне ықпал еткен. Шәкірттері ұстазының жолын ғана ұстанып қалмай, өзге де үлгілерді пайдаланып, тіпті қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған желілерді де алып келді. Ол Абайдың нағыз ұстаз болып, баулып, басқа шыңдарға жетелей алуында.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 391 б.
3. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жазушыларының шығармалары. Үш томдық. Үшінші том. – Алматы: Жазушы, 1984. – 352 б.



Еркежан Жұматаева,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті*

АБАЙ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ

Ойшыл ұлы ақын Абайдың туындылары – өз кезеңіндегі әлеуметтік ой-пікірдің сарқылмаған бұрынғы, алуан салалы энциклопедиясы. Ақындығы арға телініп, халқының жоғын жоқтап, мұңын жырлады. Абай халықтың игі қасиеттерін бойына сіңіріп, жанына рухани азық етті, халық мұрагері болды, ал халық өз перзенті – Абайдың мұрагеріне айналды.

Бүгінгі ұрпақ Абайды өз тұрғысынан сөз етсе, келешек ұрпақ оны өзінше пайымдай, ақын мұрасын өз кезеңіндегі қоғам дамуының дәрежесі тұрғысынан қарастырып, үлкен рухани тірегіне айналдырары анық. Осы орайда, ақын Абайдың тек қана дін тақырыбындағы ой-толғамдары, пайымдаулары, бағыт-бағдары басты нысанамызға айналып отыр. Соны негізінде, біз қарастырған Абай туралы еңбектерде, оның дінге көзқарасы туралы екі түрлі қысаң пікір болып келді. Кейбір зерттеушілер Абайды «ислам дінінің қазақ ішінен шыққан өкілі» деп келді. Бұл пікір 30-жылдарда айтылды. Ал енді тағы бір зерттеушілер ақының дүниеге көзқарасының басқа жақтарын кең де, дәйекті талдап келіп, дін мәселесіне келгенде үстірт, жол-жөнекей ғана соғып, Абайдың дін туралы түсініктері ақын шығармашылығының әлсіз, кертартпа жағы деп сылап-сипаумен ғана тынды. Осының негізінде, бірінші пікір Абайға тағылған жала болса, екіншісі, Абайдың дін туралы түсініктеріне тарихи тұрғыдан қарамай тұрпайы әлеуметтану төңірегінде таралған дегенді баса айтуға болады. Менің пайымдауымда да, Абайдың дінге көзқарасының басы осы негізде өрбиді.

Абайдың «иман» туралы түсінігі де діни көзқарастан көп алшақ, исламшыл ұғымға сай келмеген. Құранда иман туралы бір ғана түсінік бар. Абайдың ажыратып бергісі келгені: исламша, иман дегеніміз – құдайға шексіз, шүбәсіз нанудың, сенудің символы, бұл дүниеде барлық ауыртпалыққа төзімділік жасап рахатты ана дүниеден, «ұжмақтан» күтумен шектелу керек дейді.

Абайша иман екі түрлі: бірі – якини иман, екеншісі – таклиди иман. Мұндағысы якини иман – шын иман, шын нану, сену. Бұл иман ақылдан, дәлелден, ғылымнан туады. Бір нәрсеге сенгенде, «соның хақтығына ақылы бірден дәлел жүргізерлік болып», «ақыл-дәлелімен» нану керектігін ашық айтады. Абайша шын иман танымнан шығуы, тууы керек. Неге сенсең де соның сырын ішкі мәнін біліп сен, тіпті құдайға сенгенде де оған ақыл дәлелі арқылы сен дейді. Таклиди иман – еліктеуде шыққан иман, наным. Тек дін иелерінің айқына иланудан туған. Өзі ештеңені білмей, еш нәрсе туралы ойламай, дін иелерінің өзіне еріп, «ел қалай көшсе, мен солай көштімнің» кебін жамылғандардың іс-әрекеті болып отыр деп тұжырым жасайды.

М. Әуезовтің айтқанындай, Абайдың діні – «...ақылдың, сыншыл ойдың діні...», «...адамгершіліктің діні...», «...сыртынан барынша діншіл көрініп

отырған өлеңінің өзінде де, Абай ислам дінін үгіт-өсиет ете, шартты түрде ғана, шамалы, нақты жерде ғана керекке жаратады». Оның өзін кезінде Абай өз сөзімен-ақ айтып кеткен сияқты. Абай ескі заманның орнына жаңа заман, жаңа заманның орнына жақсы заман келеді деп, өз халқын жақсылық атаулыға, білімге үндеді: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан!» деп тәңірге табынып, уақытты босқа өткізбей, әркімді өмірден өз орнын табуға шақырады.

Діннің жүректе, жүректің мәні тазалықта екенін Абай ертеден-ақ түсіне білген. Адамгершілік, теңдіктің мән-мағынасын бұзбай санаға сақтауды да айтқан сол хәкім Абай болатын. Алла тағала жаратқан пендәуи іс-әрекеттердің иесі саналатын адамзат баласы дені сау, салауатты күн кешіп, өмірдің рахатын табу үшін әркім ең әуелі ғұмыр сүрудің түпкі мақсатын, яғни не үшін өмір сүретінін анықтап алу керектігі өзге үшін емес, өзіміз үшін шарт екенін де ашып айтқан болатын. Айтпағы, адамның керегіне қарай осындай әртүрлі жақсы-жаман өмір талабы болатынын көрсетеді. Адамдықтың, адамгершіліктің негізі өмір сүрудің талаптарында қарастырылмаса да, рухани болмысымыз, жан-жүрегімізбен ұғынуға тиісті дүниелер ақыл санамызға байлаулы, білімімізге айдаулы екенін де меңзейтін ұлы дүниелер қалдырып кеткен де – сол Абай.

Қорыта айтқанда, ойшыл ұлы ақынның дін жөніндегі түсініктері өз халқының діни сарындарға қарсы бағытталған прогресті рухани мәдениеттің, шығыс және орыс классиктерінің озық ойлы өкілдерінің ықпалымен дін иелеріне, діни ақындарға және панисламизм сияқты діни ағымдарға қарсы идеялық күрес негізінде қалыптасуын нығайтты. Сан-салалы мәселенің бұл тек бір қыры ғана. Абайдың пәлсафалық пайымдары өз кезегінде қашан да жанды. Оны қай арнаға салса да, өз мән-мазмұнын жоғалтпақ емес.

Әдебиеттер

1. Ғабдуллин Б. «Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы».
2. abai.kz ақпараттық порталы.
3. adebiet.kz әдеби әлем порталы.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Атамұра» баспасы.
5. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы: – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2011.
6. ISBN 978-601-282. – Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.



Салтанат Аманқұлова,

*эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті*

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МЕН МАҒАУИЯ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ЕҢЛІК – КЕБЕК» ДАСТАНДАРЫ

Мұхтар Әуезов өзінің «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында Абайдың толыққанды шәкірттері төртеу, олар: өз балалары Ақылбай, Мағауия, қалған екеуі Көкбай мен Шәкәрім екенін айтқан.

Бүгін біз Абай шәкірттері Мағауия мен Шәкәрімнің «Еңлік – Кебек» дастандары жайлы сөз қозғамақпыз.

Жалпы, екі дастанның сюжеті бірдей деп айтуымызға болады. Тек оқиғаның өрбуінде өзгешеліктер бар. Екі нұсқада да дастанның басында Кебекті таныстырады, батырлығын, ержүректігін, шыққан тегін сөз етеді. Өзінің болашағын болжау үшін Нысан абызға бал аштыруға барады. Екі дастанның өзгешелігі осы жерде көрінеді: Мағауия нұсқасында Нысан абыз Мартуғаға сыйынады, өзінің пірі деп соған сенеді, ал Шәкәрім нұсқасында Нысан абыз Қорқытқа сыйынып, қобыз тартып болашақты болжайды. Дастан әрі қарай Кебек батырдың аңға шығып адасып кетуімен, Матай еліне барып, Еңліктің үйіне қонақ болуымен өрбиді. Екі нұсқадағы басты айырмашылық осы жерде көрінеді. Мағауия нұсқасында Кебек пен Еңлік сол кезде бір-біріне көңілі ауады да, бірінші қадамды Кебек батыр жасайды, Еңлікке ғашықтығын айтып, сезімін білдіреді. Тағы да айта кететін жайт, Мағауия нұсқасында Еңліктің сұлулығын суреттеу басым. Ол:

*«Биік қабақ, ақ сұрлау, қара қасты,
Тік маңдай, толық жүзді, қолаң шашты,
Қыр мұрын, қызыл ерін, атпақ тісті,
Ашық жүзбен жігітті тартар түсі» –*

деп, Еңліктің сұлулығын аса шеберлікпен көрсете білген. Ал Шәкәрім нұсқасына келсек, Кебек батыр қонақ болған түні бірінші қадамды Еңлік жасайды. Шәкәрім нұсқасында Еңліктің сұлулығы мүлдем суреттелмейді. Оқиға екі нұсқада да ғашықтардың уәделесіп, қашып кетуімен жалғасады. Елге қарауға ұялып, далада өмір сүреді. Олардың ұлдары болады. Екі ғашықты Тобықты мен Матай елі іздей бастайды. Екі дастанның тағы бір өзгешелігі кезекті оқиғада көрініс табады. Мағауия нұсқасында, Кеңгірбай би Тоқтамыс батырдың жорыққа кеткенін пайдаланып, ғашықтарды тауып алады да Кебек батырдың мойнына арқан салып, аттың құйрығына байлап, сүйретеді. Ал Еңлік сұлуды Матай еліне тапсырады. Сол кезде Еңліктің өтінішінен аналық мейірімін көре аламыз. Ол:

*«Кебек ерден қалды ғой мынау бір ұл,
Тобықты, тұқымың ғой сенің балаң*

*Азар болса, кінәлі біз шығармыз,
Бұл балаға қоярлық жоқ қой жалаң
Мұсылмандық ойлайтын Тобықтылар
Тоқтамысқа баланы тапсырыңдар
Не қылсақ та, Кебекпен мен қылдым ғой,
Қалайынша баланың кінәсі бар? –*

деп, зар еңіреді. Бірақ оның сөзін ешкім елемейді, аманатын орындамайды. Бала Ақшоқы басында жалғыз қалып, бір күн бойы жылап жатқан деп жазады. Шәкәрім нұсқасында да аналық мейірім көрінеді. Тобықты елі Найман елінің көптігінен, олардың қаһарынан қорқып, ғашықтардың қайда екенін айтады. Найман елі ғашықтарды тауып алып, өлтіреді. Бұл нұсқа да бала жалғыз жар басында қалуымен аяқталады.

Шәкәрімнің нұсқасын оқи отырып, біз оның фразеологиялық тіркестерді, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді Мағауияға қарағанда жиі қолданғанын көре аламыз.

Екі дастандағы тағы бір өзгешелік – Мағауия екі ру арасындағы араздықты көрсетпейді. Кеңгірбай би Тоқтамыс батырмен кикілжіңін пайдаланып, екі ғашықты өлтіреді. Ал Шәкәрім нұсқасында ғашықтар үшін Тобықты мен Найман рулары қырғи-қабақ болысады. Тобықты елі найман елінің сесінен қорқып, екі ғашықты өлтіреді.

Жалпы, екі автордың да дастандарындығы айтайын деген ойы бір: адамдарға жасалған жауыздық, мейірімсіздік, кекшілдік. Сол заманның әділетсіздігі, әйелдердің бас бостандығының жоқтығы, екі елдің бір-бірімен өштесуі. Қаһары қатты байлардың іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын көрсетіп берді.

Әдебиеттер

1. Қазақ тілі әдебиеті. – №10. – Алматы: 1999.
2. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1993.
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: Рауан, 1990.



Ғалия Қашырбекова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ филологиясы мамандығының
3-курс студенті

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ЕВГЕНИЙ ОНЕГИН» АУДАРМАСЫ

М. Әуезов Абай творчествосының қайнар көзі, тірегі бар деген тұжырымды пікір айтқаны белгілі. Білгір зерттеушінің Абай шығармасының бастау-бұлағы ұлттық сөз өнері, халықтық поэзиялық дәстүрлері екенін айта отырып, сонымен қатар шығыс мәдениетін, сондай-ақ орыс әдебиетін және сол арқылы Еуропа әдебиетін айтып көрсетуі тегін емес.

Орыс әдебиетінен оқығаны қаншалықты көп болса да, Абай поэзиялық шығармаларды аударуға немесе еркін тәржімелес сарындас өлең жазуға келгенде үлкен талғампаздықпен таңдап кей өлеңдерді іріктеп қана алған. Соның ішінде Пушкиннің «Евгений Онегин» романының аудармасы. Бұл аударманың басқа аудармаларынан алатын орны ерекше.

«Онегин» – Пушкиннің ең бір ішкі сыры молынан ақтарылған шығармасы, оның қиялының сүйікті перзенті. Пушкиннің тұлғасы «Онегинде» көрінгендей ақын тұлғасы мейлінше толық, жарқын және анық көрінетін. Мұнда оның бар өмірі, барлық жан-сыры, барлық махаббаты да, сезімдері, ұғым-түсініктері, идеалдары да айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар қай елдің жастарына болса да үлгі етерлік көркем образдардың асқан ақындық шеберлікпен жасалуы, Татьянаның бойындағы кіршіксіз таза махаббатын реалистік тұрғыдан суреттелуі шығарманың мән-маңызын биік деңгейге көтерді. Ал енді Абайдың аудармасына келетін болсақ, Абай ұлы шығарманың осы қасиетін қалтқысыз көре білді. Шығармамен оны жазған Пушкиннің айтар ойы өзінің жан жүйесімен қабысатындағын сезді.

«Евгений Онегинді» Абай тұтас аударған жоқ, одан оның аударғандары: романның басында (бірінші тарау, X-X-XII шумақтар) Пушкиннің Онегинді сипаттауы, Татьянаның Онегинге жазған хаты (екінші тарау, XXXI шумақ), бақша ішінде жолыққан Татьянаға Онегиннің берген жауабы (төртінші тарау, XII-XVI шумақтар), Онегиннің Татьянаға жазған хаты (сегізінші тарау, XXXII шумақ), Татьянаның Онегинге берген жауабы (сегізінші тарау, XIII шумақ). Абай бұл шығарманы түгелімен аудармаса да, оны бір жүйеге түсіріп, өзара байланыстырып берді.

«Онегиннің сипаты» (*Жасынан түсін билеп сыр бермеген*) деген өлеңі романдағы басты кейіпкерді мінездейді. Мұнда Абай Пушкиннің Онегинді ең толық, тұжырымды, келісті мінездейтін тұсын түгелдей алған. Сонымен қатар оқырмандарының Онегиннің психологиялық портретін айқын елестетуіне мүмкіндік туғызған. Мысалы:

*Как рано мог он лицемерит,
Таить надежду, ревновать,
Разуверять, заставить верить,
Казаться мрачным, изнывать, –*

деп бастап сипаттайды.

Абай оны бір буынды өлеңмен жазса да, аударманы Пушкин мәтініне мағынасы жағынан өте жақын етіп бере білген, аударма түпнұсқаға жолма-жол сай келеді. Мысалға алып қарасақ, «*Жасынан түсін билеп сыр бермеген*» деген өлеңі:

*Жасынан түсін билеп сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген.
Нанасың, не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген.*

Сондай-ақ Абайдың Онегин мінезіне тән қасиет-сипаттарды айнытпай, дәл бейнелейтінін байқаймыз. Осы өлеңде Онегинге берілген сипаттамалар – өр мінезділігі, ғашықтық сөзге жүйріктігі, көңіліне жаққан адамды елітіп әкететіні, ұнатпаған адамын қорлаудан тайынбайтыны, алдымен, Онегиннің өз басын, мінез-бітімін танып білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Абай аудармасында сөзбе-сөз аудармай, мағынасына қарай мән берген.

Мәселен, «Евгений Онегиннің» үшінші тарауындағы XXXI шумаққа жалғас келетін Татьянаның Онегинге жазған хатының жалпы сарынының аудармасы деуге болады. Бұл өлең Пушкинде 79 жол болса, Абайда 76 жол болып келеді. Пушкиннің хатында:

*Я к вам пишу – чего же боле?
Что я могу еще сказать? –*

деп бастаса, Абайда:

*Амал жоқ қайттім білдірмей,
Япыр-ай қайтіп айтамын, –*

деп аударған.

Сөйтіп, Абай аудармасының сөзбе-сөз болуын қадағалап жатпағанымен, оригиналдық ақындық мағынасын айтып беруді құнттаған. Кей жерлерінде Абай Онегин айтпаған сөзді, аудармасында айтқызады. Мысалы:

*Михрабым сен, бас ұрамын,
Тіл жете алмас гүзіріме.
Жетпедім, не жасырамын,
Гауһарымның қадіріне.
Он сегіз мың бұл ғаламның
Бар тынысы күнде тұр.
Мен сияқты сорлы адамның
Ықтияры сенде тұр, –*

деген сөздерді Абай өз еркінен қосқан. Бұл Татьянаның Онегинге жазған хатында және Онегиннің Татьянаға жазған хатында Абай мағына жағына мән беріп, түпнұсқада айтылмаған сөзді айтқызады. Сонымен, бұл жерден байқайтынымыз Абай тек түпнұсқамен жүріп отырмағанын көріп отырмыз. Ол өз жанынан қосып отырған. С. Мұқанов еңбегінде осыған байланысты былай дейді: «Пушкинде Евгений мен Татьянаны қосуға бөгет – тағдыр, бірақ бұл тағдыр, Пушкинше «лаухыл-махфуздың» жазуы емес, қоғамдық тұрмыстың шындығынан шыққан, Евгений мен Татьянаның өмір жолындағы шиырлар. Ал Абайдың ұғымында, бұл «тағдыр», шынында, «лаухыл-махфуздың» болып кетеді. Яғни бұл жердегі мақсаты, өзге мәселеде рационалист Абай «Евгений Онегиннен» үзінділер аударғанда, осы нысанасынан көз жазбайды, Онегин мен Татьянаның жүрек сырларын ақтарысатын жерлерін таңдап аударудағы Абайдың мақсаты – шын сүйісе білудің маңызы қандайлығын қазақтың қызы мен жігітіне үлгі қылып тарту, өз заманындағы «қалың малдың» қамауында отырған қазақтың қыз бен жігітін Евгений мен Татьянадай болуға, малдың күшімен сүйеге емес, жүректің күшімен сүйеге шақырады», әрине, бұл жерде С. Мұқановтың пікірімен келісуге болады. Себебі сол кездегі жастардың тағдырында махаббат, сүйіспеншілікпен қосылып жатқандар аз болатын. Абай осы жолдар арқылы қазақ қоғамының жай-күйін көрсетті.

Абай аудармасында теңеу, эпитет, метафораларды кеңінен қолданып отырған. Қазақ эпистолярлық романында образдылық ағыстан гөрі лирикалық ағыс басым. Онегиннің хаттарынан Татьянаның бет-әлпетін анық айырып көре алмаймыз. Хат Татьянаға жазылып отыр. Бірақ қыздың портреті тым саран, жалпылама шыққан. «**Гауһарым**», «**Піскен алма**», «**ақ жүрек**», «**ақ жүзін**» деген ауыстыруларды есепке алғанның өзінде де, образдың нақтылы келбеті бұлдыр. Олай болуының өз себебі бар. Поэзия үшін «алтын иек, сары ала қыз» (Абай осылай мұқататын еді ғой) кескінін тәптіштеп түгендеп жатудың қажеті шамалы. Сүйген жүрек сырын ағыту ғашық образын жасауға әлдеқайда тиімді. Абай сол ежелгі поэзиялық заңды мүлтіксіз басшылыққа алған. Онегиндей кеудесіне нан піскен кісіге «**Михрабым сен, бас ұрамын**» дегізген сөзінің өзі ғашық әйелдің қандай екенін жүрек көзімен көріп ынтығуға жетіп жатыр. «**Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы**» деген бет-пішіні ғана сұлу қыздан гөрі «**Көзімнің қарасы**» деген ішкі монологта, жан түкпіріндегі ең аяулы, ең сүйкімді сезімдерге тіл бітірген қыздың көркі әлдеқайда қымбат көрінетін сияқты.

Эпистолярлық романның көркемдік төлтумалық бітімі қаһарман характерінен туындайды. Характер – сюжет моторы. Кейіпкерлердің арақатынасын өрістететін қозғаушы күш. Абай Онегині – «айттым – болды, піштім – кесілді» дейтін шешімінде қатып қалатын тұлға. Татьянаға турасын айтады. Адам бір өзінен басқа дос таппаса, өлген артық, бетінді әрі бұрсаң, «шықты көзім, болдым көр» дейді. Сол сөзінде тұрады. «Онегиннің өлердегі сөзін» айтқызушы – эпистолярлық романның бас кейіпкерінің қайсар характері.

Қорыта айтқанда, Абай Пушкинді аударғанда қазақ қоғамына бейімдеп, аударған. Мысалы:

*Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың,
Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем, –*

деген жолдарды Татьянаны қазақша сөйлетіп, қазақша ойлатады. Сонымен қатар сұм заман – автордың өзінің де сыбағасына тиген заманы. Абайдың Көкбай боп жылайтыны лирика жанрының ежелгі дәстүріне қатысты. Онегин – Абайдың Көкбайы сияқты автордың өз көзқарасын білдіретін протоголист геройы. Көкбайдың жыламасқа амалы жоқ. «Мынау азған қу заман қалыбында тұрмайды». Онегин шері, сайып келгенде, автордың өз шері. Абайдың бір өлеңінде «*Ішім өлген, сыртым сау*» деп толғанғаны Онегиннің: «*Ішім өлген, құр денем сау*» дегенімен орайлас. Абай кейіпкерлердің жан дүниесін айшықтауда өзінің ішкі тебіреністерін қосып отырған. Меніңше, бұл шығарманы оқып отырғанда, Абайдың аудармасы ретінде емес, төл туындысы деген ой келеді. Себебі Абай сол заманғы, сол қазақ қоғамын көрсетіп отырғандай күй кешесін. Абайдың жасаған аудармаларының дәл не еркін болуы әртүрлі тарихи жағдайлардың жемісі. Мәтінді дәл аударудан дұрыс мағына шықпаған, не мәтіннің жай мағынасын бергенімен, ойындағыдай көркемдікке қол жеткізілмеген жерлерде Абай түпнұсқа мәтінінен алыстап барып, оның идеялық-көркемдік мағынасын дәл беруге тырысады. Ара-тұра, ақын Пушкиннің түпнұсқасынан алшақтау кетсе оны Абайдың қазақ оқырмандарының қамын жеуінен туған заңды көрініс деп білу керек деп ойлаймын. Осындай ізденудің арқасында Абай шығармашылық аударманың тамаша үлгілерін жасаған.

Осыған қатысты көптеген ғалымдарымыз зерттеп, Абайтану тарихына көп үлестерін қосқан, М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Мырзахметов, Т. Әлімқұлов, Б. Кенжебаев, М. Бейсембаев, С. Мұса, З. Ахметов, Р. Сыздықова, Қ. Мұхамедханов, Н. Серікбаев, С. Жиенбаев және т.б. ғалымдарымыздың сіңірген еңбектері зор.

Әдебиеттер

1. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. – Алматы.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 395 б.



Гүлназия Әбуова,*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті***АБАЙ МЕН ЛЕРМОНТОВ**

Алдымен, Абай Лермонтовтың шығармаларын неге ерекше ұнатты деген сұраққа жауап іздер болсақ: Абай өзінің ойындағы арпалысқан ойларын, халыққа жеткізбек болғандарын Лермонтовтың шығармаларынан тапты. Орыс ақынның әлеуметтік теңсіздікті, қараңғылықты, әділетсіз қоғамды әшкерелеу, халықты жаңа өмірге шақыру идеялары, Абайдың өз туындыларынан да кең орын алды.

Абай Лермонтовтың шығармаларымен 1880 жылдар шамасында таныс болған. Ақын Лермонтовтың шығармаларын осы уақыттан бастап өмірінің соңына дейін аударған деуге болады. Себебі Лермонтовтан аударылған соңғы өлең 1902 жылға сәйкес келеді. Абай Лермонтовтың бірнеше лирикалық өлеңдерін сүйіп оқып, қазақ сөздерімен өрнектеп отырып аударма жасады. Соның ішінде «Теректің сыйы» деген өлеңін аударғанда, табиғаттың данышпан суретшісі екендігін, өзінің шеберлік шыңына жеткендігін көрсетеді.

*Асау терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып, жел салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.
Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу
Түзу жерден жол кернеп, ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады қу.*

Абай аударғанда Лермонтовтың бұл өлеңінің негізгі сюжеті мен идеясын ғана сақтаған, ол қазақ түсінігіне қондырып өз ақындығымен өте шебер етіп шығарған.

Кейбір жерлері тіпті Лермонтовта жоқ, «Әкелген бұғы менен маралым бар» немесе «Бақша, зауыт жайларды қылдым талқан, әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді» деген сияқты жолдарды өз ойынан қосқан.

Бұл – құр ғана аударма емес, Абайдың өз толғауымен тыңайтып, түрлендіріп, әсерлендіріп жазған долы «теректің» мінез-құлқы. Абай теректің асау толқынын, мінезін:

*Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып*

немесе «Екі езуім көпіріп, айқайласам, шын құтырсам, шың тасты тербеткенмін», – деп суреттейді.

«Теректің сыйының» Лермонтов жазған нұсқасы мен Абай жазған нұсқасын салыстырып, екеуінің де асқан көркем екенін, сонымен бірге бұлардың өзі орасан зор шеберліктің үлгісі екенін көресің. «Теректің сыйы, – дейді Белинский, – поэзиялық салтанаттың айғағы, бұл тамаша, көркем пьессадан бұл жиһазды, екпінді, қуанышты фантазияны бөлшектеу мүмкін емес», – дей келіп, Белинский мынадай қорытындыға келеді: «Біз Лермонтовты Байронға да, Гетеге де, Пушкинге де теңемейміз. Бұл тек қана Лермонтов», – дейді.

Әбіш Жиреншиннің «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары» атты кітабында Лермонтовтың орысша өлеңдері мен Абайдың қазақша аудармаларын салыстырып қарастырған. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» деген өлеңінің екі жолын салыстырып көрсетеді. Лермонтов:

*Выхожу один я на дорогу
Сквозь туман кремнистый путь блестит, –*

десе Абай:

*Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз,
Тастақ жол жарқырайды будан әлсіз.*

Сол сияқты Абай Лермонтовтың атакты Гетеден аударған өлеңін қазақша-лағанда да асқан шеберлік көрсетеді.

*Горные вершины,
Спят во тьме ночной.
Тихие долины,
Полны свежей мглой,
Не пылит дорога,
Не дрожат листы...
Подожди немного,
Отдохнешь и ты, –*

дегенді Абай былай аударарды:

*Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт дел-сал гып.
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыныштарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.*

Алайда Абай мұны қазақ тіліне шебер аударып қана қойған жоқ, табиғаттың түнгі тыныштығына лайық тамаша мелодия – ән де шығарған. Бұл өлеңді әнімен домбыраға қосып, сүйсіне айтуға болады. Оны жұрт осы күнде де айтып жүр.

Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдерінің жалпы санын 1961 жылы шыққан «Тың өлкесі» газетінде жарияланған Әли Мұсахановтың «Лермонтов

және Абай» мақаласында және З. Ахметовтің «Лермонтов және Абай» атты кітабында 30-ға жуық деп көрсетсе, М. Әуезовтің 1967 жылғы «Абай Құнанбаев» кітабында нақтылап 27 өлең мен үзінді деп көрсетеді.

Көбінше Лермонтовтың жеке өлеңдерін аударумен қатар Абай орыс ақынының бірнеше поэмаларынан үзінділер де аударлады. Бұлары: «Демонның» басынан жасалған «Мұңлы шайтан» деп басталатын өлең, «Боярин Оршадан» «Босқа әуре боп дейтін» Арсенийдің монологы. «Измаил бейдің» кіріспе толғауын да аударлады. Лермонтовтың қара сөзбен жазып бітірмеген «Вадим» атты повесінің бас жағын «Батар күнге шымылдык» деп бастайтын бірталайын өлеңмен аударлады.

Бұл еңбектерінен жекеше бөлініп тұратын лирикалық аудармалары: «Теректің сыйы», «Қарасам қайғырар жұрт», «Тұтқындағы батыр», «Жолға шықтым», «Жалғыз жалау», «Жартас», «Дұға», «Сал демеймін сөзіме ықыласынды» (Лермонтовтың «Альбомға» деген өлеңі), «Менің сырым жігіттер», «Бородино» сияқты үлкенді-кішілі көп өлеңдер болады.

Бұл айтқандарымыз – аудармалар. Ал осылармен қатар Абай Лермонтовтың кейбір қысқа өлеңдерінен аударма сияқты сөз бастап келіп, өз шығармасына еркін ауысып кететін бір топ мысалдар бар.


Лермонтов шығармаларынан жасаған аудармаларында Абайдың үлкен шеберлікпен, анық ірі шабытпен қоса шабыттанып отырып жасаған аудармаларының кейде өте дәл шыққандары бар. Сонымен бірге дәл емес аудармалар тағы да кездеседі. Ең алғашқы аударма жұмысын Абайдың байқап көргені – 1882 жылғы «Бородино» аудармасы.

Көп жерлерде Абай Лермонтовты дәл аударғанда, оның өз жырындағы көркемдік өзгешеліктен басқа жаңа бір жарастық қоса тұрғанын көреміз. Сонда Лермонтов ақындығының сұлу сыр, нәзік сезімдерін жеткізу талабымен Абай қазақтың өлеңінде бұрын әсте қолданылмаған, тың жаңалық табады.

Мысалы: Лермонтовтағы «*лилейная рука*» Абайда «*еркелі нәзік қол*» болады. Немесе Лермонтовтың жолы «*Как стал твоя при трепетном огне*» делінсе, Абайда «*Болатша дірілдеген жалын көрген*» деп аударылады. «*Таинственная печаль*» – «*құпия қайғы*» деп аударылған. Осы аталған кейбір мысалдардың өзінде «*еркелі қол*», «*жалын көрген болат*», «*құпия қайғы*» деген ұғымдар – қазақ сөздерінен құралғанымен бұрынғы қазақ әдебиетінде айтылмаған, қолданылмаған ұғым, келісімдер.

Әдебиеттер

1. Мұсаханов Ә. Лермонтов және Абай // Тың өлкесі. 1961, 27 шілде. – № 138.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алма-Ата: «Ғылым» баспасы. 1967. – 391-б.
3. Ахметов З. Лермонтов және Абай. – Алматы: Арда. – 2008.
4. Әбіш Ж. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. – Алматы: «Қазақ мемлекет» баспасы, 1959.



Салтанат Балтабай,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті*

МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТОВТІҢ АБАЙТАНУДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕМЕСЕ «АБАЙТАНУ ТАРИХЫ» ЕҢБЕГІ

Ұлттық әдебиеттану ғылымымыздың өзекті мәселелеріне қатысты тың зерттеулерімен танылған абайтанушы, бауыржантанушы, яссауитанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ғалым Мекемтас Мырзахметов еңбектерінің басты мәселесі – абайтану және мұхтартану болып табылатыны жасырын емес. Қазақ сөз өнері мен әдебиеттануының іргелі арнасын құрайтын, маңдайымызға біткен қос алыптың шығармашылық тұлғасын тығыз бірлікте және рухани сабақтастық тұрғысынан қарастыру күрделі ғылыми жауапкершілікті жүктейтіні анық. Осынау әдебиеттану мен ұлт руханиятының мерейін еселейтін игілікті істерде ғалым М. Мырзахметов еңбектерінің маңызы зор.

Ғылыми ізденісіне қатысты «*Құр ғылыми атақ алуға қызығу – тоғышарлық, ол ниет мандытпайды. Инемен қазғандай ғылым жолы қиын жол, ол, әсіресе төзімділікті, үздіксіз ізденімпаздықты керек етеді*» [1,15-б.], – деген. Ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым М. Әуезовтің талабы ғалымның өмірлік ұстанымының мұрат-мақсатына айналғанына «Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш» (1965), «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» (1982), «Абай жүрген ізбенен» (1985), «Абайтану» (1988), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993), «Абайтану тарихы» (1994), «Әуезов және Абай» (1997) атты іргелі зерттеулері нақты дәлел бола алатын сияқты.

Бұл еңбектерді жазу барысында абайтану мен мұхтартанудағы өз кезегінде ғылыми табандылық, қажымас қайратпен жұмысты қолға алуды қажет ететін күрделі ғылыми мәселелерге қатысты тың ізденістер жүргізілгені белгілі. Соның барысында, біріншіден, абайтану тарихында хронологиялық, тақырыптық жүйедегі дербес библиографиялық көрсеткіштерді құрастыру («Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш», «Абайтану»), екіншіден, ұлы ақын өмірі мен шығармашылығы, әдеби мұрасының зерттелу тарихы, яғни абайтану тарихының қалыптасу жолдарының тақырыптық, кезеңдік мезгілдерін кешенді түрде ғылыми жүйелеу («Абайтану тарихы»).

«*Абайтану тарихы – бүгінде үдере дамып, өсу, өркендеу жолында қызу түрдегі пікір-таласы үстінде қалыптасқан Абайтанудың іргелі саласының біріне айналды*», – деп жазады ғалым. Бұл тұрғыда «Абайтану тарихы» еңбегі ұлы ақын мұрасының зерттелу тарихының қалыптасу жолдарын, басты кезеңдерін жүйелеуімен құнды. Зерттеуші еңбегінің «*Абайды танудың алғашқы кезеңі*», «*Абай мұрасының жаңа заманда зерттелуі*», «*Абай мұрасының 1940-*

1945 жылдар аралығында зерттелуі» атты үш тарауында ұлы ақын шығармашылығын танудағы мынадай басты үш (3) кезеңді атайды. Олар: 1. Абай өлендерінің төңкеріске дейінгі жариялану, таралу жолдары. Мұнда ақын мұрасын алғаш зерттеуші, насихаттаушылар (Зинол-Ғабиден, К. Ысқақұлы, С. Торайғыров, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, С. Әбішұлы) және орыс тілінде танылуына зор еңбек сіңіргендер (Ә. Бөкейханов, Н. Рамазанов, В.А. Кудашев, ағайынды Белослюдовтар) қарастырылған. 2. Абай мұрасының жаңа заманда зерттелуі. Атап айтқанда, 1918-1926 жылдар мен 1926-1940 жылдар аралығындағы абайтанудағы ғылыми-зерттеушілік мәселелер талданған. Саясатқа қатысты ғылыми-зерттеушілік ой-пікір еркіндігінің тұсаулануына қарамастан абайтанудағы М. Әуезов ізденісінің шешуші қадамдар болғанын «Абайдың әдеби мұрасын жүртіштылыққа танытумен ол мұраны зерттеу ісінде 30-жылдары айрықша көзге түскен жазушы, ғалым Мұхтар Әуезовтің зерттеулері абайтану тарихында ерекше орын алады. М. Әуезовтің 30-жылдардағы ізденістері Абайды танудың ғылыми дәрежесін көтеруде абайтануға қосылған елеулі үлес ретінде де ерекшеленетін орны бар туындылар деп бағаланды» (2, 107-108-б.) деп тұжырымдайды. Ал М. Әуезовтің 1933 жылғы Абайдың толық жинағын жарыққа шығаруы, онда ақынның тұңғыш ғылыми өмірбаянын жариялауы мәдени құбылыс, мұның өзі зерттеушілердің ақын мұрасымен толық таныс болмауынан туындап отырған кемшіліктерден арыл-туда маңызды болды деп қарастырады. 3. Абай мұрасының 1940-1945 жылдар аралығында зерттелуі.

Абайдай ақынның нәр алған рухани қазына көздерінің, жалпылай дүниетанымының қалыптасуына ықпалын айқындау мәселелеріне қатысты абайтануда түрлі қайшылықты пікірлер болғаны мәлім. Ол, әсіресе Абайдың Шығыс руханиятымен терең тамырлас арналарын дұрыс бағалауға мүмкіндік бермеген кеңестік идеология салқынынан айқын танылғандай. Әдебиетші ғалым атап өткеніндей, «Зерттеушілер назары Абай көзқарасының қалыптасуы мен шығармашылығын әсер еткен идеялық құбылыстарды анықтауға ауганымен, ол құбылыстардың Абай шығармашылығына еткен ықпалының табиғатын дара-лап, рухани нәр алған қазына көздерін тереңірек ашуға бара бермеді. Өйткені Абайдың көзқарасының қалыптасуына идеялық ықпал еткен шешуші идеялық құбылыс орыс мәдениеті тереңірек те нақтырақ зерттеліп, қазақ халқының рухани мұралары бірсыдырғы сөз етілсе де, ақынға белгілі дәрежеде ықпал еткен Шығыс мәдениеті, негізінен, зерттеусіз, қозғаусыз қала берді» [2,142-143-б.].

1926 жылғы халық есебінде Кеңес Одағында 194 ұлт көрсетілсе, 20-30 жыл өтпей-ақ бұл ресми ұлт санының 101-ге түсуі, 93 ұлт пен ұлыстың жұтылып жоқ болып кетуінде орыстандыру саясатының қаншалықты пәрменді күшпен жүргізілуін айғақтайды» [2,143-б.] деген пікірінің өзінен-ақ біз қазақ халқының, ұлт руханиятының қаншалықты тарихтың ауыр кезеңінен өткенін санамызда жаңғырта түседі.

Ғалым абайтануға қатысты жазылған өзінің қандай да болмасын проблемалық өзекті мақаласында ұлы ақын дүниетанымын айқындаудағы басты

ғылыми мәселелерге зерттеушілік назар аудару керектігіне ой салып отырады. Мысалы, «Ұлы ақын дүниетанымы жайында бірер сөз...» мақаласында «Әсіресе Абай дүниетанымы туралы тақырыпқа зерттеулер жүргізгенде ерекше мән беретін өзекті мәселенің бірі – Абайдың ақындық кітапханасы жайы назардан тыс қалып келеді» [3], – деп осы мәселенің ғылыми шешімін табу үшін арнайы зерттеулер жүргізу керектігін көтереді. Абайтанудағы мұндай ізденістердің дұрыс болмауы ақын дүниетанымын, рухани нәр алған қайнар көздерін дұрыс байыптауда теріс пікірлердің орын алуына итермелеуде. Бұған «Абай мұрасының рухани нәр алған қазына көздерінің қай саласы болса да ақын кітапханасының көлемі мен жайына айрықша мән беріп отырмаса, зерттеуші атаулының бірі де теріс бағыт-бағдарға ұрынып қалуы қиын емес» дейді.

«Қазіргі және алдағы кезеңдерде де абайтану саласында көтерілер өзекті проблеманың бәрі де мұхтартану арқылы, соның ғылыми-теориялық деңгейі тұрғысынан қаралып таразылануы себепті де, жазушы мұрасына бойлай еніп терең тану міндеті жаңа буын жас ұрпақ алдында да тарихи міндет ретінде қойылмақ», – деп жазады ғалым. Бұл ретте М. Мырзахметовтің «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары», «Әуезов және Абай» атты еңбектері ұлттық әдебиеттанудағы мұхтартану мен абайтану ілімінің өзара сабақтас күрделі мәселелерін терең талдаған зерттеулер болып табылады. Әдебиетші М. Әуезовтің абайтануға және әдебиет тарихына қатысты бұрындары жазылып кейіннен жарияланбаған ғылыми-зерттеу жұмыстарын ел игілігіне айналдыру ісіне де зор үлес қосуда. Мысалы, М. Әуезовтің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988), «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» (1997) кітаптарын құрастырып, алғы сөзін жазды. Сондай-ақ «Әдебиет тарихын» алғашқы нұсқа-сымен толық күйінде жарыққа шығарып, түсініктемесін жазды.

Ғалым Мекемтас Мырзахметовтің абайтануға қатысты зерттеулері халық санасын отаршылдық саясаттан қалған кесапаттар мен теріс пиғылдардан арашалап әрі қазақ ұлтының ата заңын, тарихи белестерін, төл әдебиеті мен мәдениетін ардақтап, қастерлеуге ерекше күш-қуат беретін қасиеттері басым.

Қорыта айтқанда, ғалым М. Мырзахметовтің осынау абайтану саласындағы заңғар еңбектері ұлттық әдебиеттанудың күрделі мәселелерін кешенді қарастыруымен құнды болып табылады. Оларда жоғарыда атап көрсеткендей абайтану тарихында хронологиялық, тақырыптық жүйедегі библиографиялық көрсеткіштер жариялау, абайтану тарихының кезеңдік мезгілдерін анықтау, ұлы ақынның Шығыс әдебиетіне қатысын айқындау және де Мұхтар Әуезовтің абайтанудың ғылыми негізін қалаудағы ғылыми-зерттеушілік биік тұғырын қарастыру сияқты мәселелер шешімін тапты деп айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272-б.
2. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192-б.
3. Мырзахметұлы М. Ұлы ақын дүниетанымы туралы бірер сөз... // Қазақ әдебиеті. 2005. – 19 тамыз.

Мадина Ералиева,*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенті***АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІ МЕН ӨЛЕҢДЕРІНЕ
ОРФОЭПИЯЛЫҚ-ТРАНСКРИПЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ****Он жетінші сөз**

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәметке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.

– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмай-тұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды

қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

– Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – деген екен.

Он сегізінші сөз

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» – дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егер де бір ойласа, қайта адам болмағы – қиын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіндер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.

Он тоғызыншы сөз

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

Айтылым:

Он жетінші сөз

Қайрат, || ақыл, || жүрөг_үшеуу||өнөрлерүн_айтысып, || таласып_келіп, || ғылымға_жүгүнүптү. || Қайрат_айтыпты || «Ей,|| ғылым, || өзүң_де_білесің_ғой,|| дүнүйөдө ||ешнәрсе|| менсіз|кәмелетке_жетпейтүгүнүн; || әуөлү, || өзүңдү_білуугө ||ерімбей-жалықпай_үйренуу_герек, || ол | – менің_ісім. || Құдайға_лайықты_ғыйбадат_қылып, || ерімбей-жалықпай_орнұна_гелтірмек_те | – менің_ісім. || Дүнүйөгө_лайықт_өнөр, || мал_тауұп, || абүйүр_мансапты ||еңбексіз_табууға_болмайды.|| Орұнсүз, || болұмсүз_нәрсеге_үйүр_ғылмай, || бойдү_таза_сақтайтүгүн, || күнәгәрліктен, || көрсөғызар_жеңілдіктен, || нәпсі_шайтанның_азғыруууан || құтқаратүгүн, || адасқан_жолға_бара_жатқам_бойдү ||қайта_жыйғызып_алатүгүн|| мен_емес_пе? || Осы_екеуу|| маған_ғалай_таласады?» || – депті. ||

Ақыл_айтыпты: || «Не || дүнүйөгө, || не || ақыретке_не_пайдалы_болса, || не || залалды_болса, || білетүгүн – || мен, || сенің_сөзүңд_ұғатүгүн || – мен, || менсіз_пайдан_іздей_алмайд_екен, || залал || да | каша_алмайды_екен, || ғылымды_ұғұп_үйрөнө_алмайды_екен, || ос_екеуу || маған_ғалай_таласады? || Менсіз_өздөрү || неге_жарайды?» || – депті. ||

Онан_сон || жүрөг_айтыпты: || «Мен ||– адамның_денесінің_патшасымын, || қан || менен_тарайды, || жан || менде_мекең_ғылады, || менсіз_тірліг_жок. || Жұмсақ_төсөктө, || жыл_үйдө || тамағы_тоқ_жатқан_кісіге||төсөксүз_гедейдің, || тоңұп_жүргөң_гійімсідің, || тамақсыз_аштың || жәйі_ғандай_болұб_жатыр_екен || деб_ойлатып, || жанын_ашытып, || үйқұсұн_ашылтып, || төсөгүндө_дөңбөкшүйтөтүгүн || – мен. || Үлкөннөн || ұйат_сақтап, || кішіге || ырақым_қылдыратүгүн ||– мен, || бірақ || мені_таза_сақтай_алмайды, || ақырында || қор_болады. || Мен_таза_болсам, || адам_баласын_алаламаймын: || жақсылыққа || елжіреб_ерійтүгүн || – мен, || жаманшылықтан_жійреніп || тұулап_кететүгүн || – мен, || әділет, || ынсап, || ұйат, || ырақым, || мейірбаншылық_дейтүгүн_нәрселердің_бәрі|| менен_шығады, || менсіз||осұлардың_гөргөң_гүнү_не? || Ос_екеуу || маған_ғалай_таласады?» || – депті. ||

Сонда|| ғылым || бұл_үшеууң_сөзүн_тыңдап_полұп, || айтыпты: ||

– Ей, || қайрат, || сенің_айтқаныңның_бәрі_де_рас. || Ол_айтқандарыңнан_басқа_да||көб_өнөрлерүңнүң_бары_рас, || сенсіз|| ешнәрсенің_болмайтүгүнү_да_рас, || бірақ|| қаруууңа_ғарай||қаттылығың_да_мол, || пайдаң_да_мол, || бірақ|| залалың_да_мол, || кейде || жақсылықты_берік_ұстап, || кейде || жамандықты_бері_ұстап_кетесің, || сонұң_жаман, || – депті. ||

– Ей, || ақыл! | Сенің_айтқандарыңның_бәрі_де_рас. || Сенсіз|| ешнәрсе_табылмайтүгүнү_да_рас. || Жаратқан_тәңірін_де||сен_танытасың, || жаралған_екі_дүнүйөнүң_жайын_да || сем_білесің. || Бірақ || сонұмөн_тұрмайсың, || амал_да, || айла_да || – бәрі_сенен_шығады. || Жақсының, || жаманның_екеууң_де_сүйөнгөнү, || сенгені || – сен; || екеууң_іздегенін|| тауұп_періп_жүрсүн, || сонұң_жаман, | – депті. || – Сен_үшеууңнүң_басыңды_ғоспақ || – менің_ісім, || – депті. || Бірақ | сонда_бійлеушү, || әмірші || жүрөк_полса_жарайды. || Ақыл,

|| сенің_ғырың_гөп, || жүрөк|| сенің_ол_гөп_қырыңа_жүрмөйдү. || Жақсылық_айтқаныңа ||жаны ||–діні_ғұмар_болады. || Көмбөк_түгүл|| құуанады. || Жаманшылық_айтқаныңа|| ермейді. || Ермек_түгүл|| жійреніп, || үйдөң_ғууұп_шығарады||.

– Қайрат, || сенің_ғарууың_гөп, || күшүң_мол, || сенің_де ||еркіңе_жібермейді. || Орұнд_іске||күшүңд_айатпайды. || Орұнсүз_жерге|| қолүңдү_босатпайды. || Ос_үшеууң || басыңды_ғос, || бәрін_де|| жүрөккө_бійлет, || – деб_ұқтұрұп_айтұушүңнүң_аты || ғылым_екен. || Ос_үшеууң||бір_гісиде|| менің_айтқанымдай_табылсаңдар, || табанының_топұрағы_көзгө_сүртөрлүк_қасійетт_адам || – сол. || Үшеууң_ала_болсаң, || мен ||жүрөктү_жақтадым. || Құдайшылық_сонда, || қалпыңды|| таза_сақта, || құдай_тағала|| қалпыңа || әрдайым_ғарайды_деп || кітаптың_айтқан_осұ, || – депті. ||

Он сегізінші сөз

Адам_баласына_жыртықсыз, || кірсіз, || сыпайы_гійініп, || һәм || ол_гійімін_былғап,|| былжыратып_кіймей, || таза_гіймек | – дүрүс_іс. || Ләкійін || өз_дәулөтүнөн_артық_кійімбек, || не|| кійім_артық_полмаса_да, || көңүлүнө_ғууат_тұтұп, || тым_айналдырмақ ||– кербездің_ісі||.

Кербездің ||екі_түрлү_ғылығы_болады: || бірі || бет-пішінін, || мүртүн, || мүшөсүн, || жүрүсүн, || қас-қабағын_қолдан_түзөтүп, || шынтағың_гөтөрүп, || қолұн_тарақтап_әурө_болмақ. || Бірөуу || атын, || кійімін || «айран_ішерім» деп, || солардың_арқасында_сыпайы, || жұғұмдү_жігіт_атамбаққа, || өзүнөн_ілгерілерге_елеулү_болұп, || өзү_ғатардағының || ішің_гүйдүрүп, || өзүнөн_кейінгілерге || «әттең, || дүнүй-ай, || осұлардың_атындай|| ат_мініп, || кійіміндей || кійім_гійгеннің|| не_арманы_бар_екен?!» || – дейтүгүн|| болмаққ_ойланбақ||.

Мүнүң_бәрі | – масқаралық, || ақымақтық. || Мүн_адам || бір_ойламасын, || егерде || бір_ойласа, || қайт_адам_болмағы || – қыйын_іс. || Кербез_дегенді|| осұндай || кер, || кердең_немеден_безіндер || деген_сөзг_ұқсатамын. || Тегінде, || адам_баласы || адам_баласынан || ақыл, || ғылым, || ар, || мінез_деген_нәрселермен_озбақ. || Онам_басқа_нәрсеменен_оздұм_ғой_демектің|| бәрі_де ||– ақымақтық. ||

Он тоғызыншы сөз

Адам|| ат-анадан_тұғанда|| есті_болмайды: || естіп, || көрүп, || ұстап, || татыб_ескерсе, || дүнүйөдөгү_жақсы, || жаманды_таныйды_дағы, || сондайдам_білгені, || көргөнү_гөп_полған_адам || білімді_болады. || Естілердің_айтқан_сөздөрүн || ескеріб_жүргөң_гісі || өзү_де ||есті_болады. || Әрбір_естілік|| жеке_өзү|| іске_жарамайды. || Сол || естілерден_естіп, || білген || жақсы_нәрселерд_ескерсе, || жаман_дегеннен_сақтанса, || сонда || іске_жарайды, || сонда ||адам_десе_болады. || Мұндай_сөзд_есіткенде|| шайқақтап, || шалықтанып || не|| салбырап, || салғырттаныб_есітсе, || не || есіткен_жерде || қайта_ғайырып_сұрап || ұғайын_деб_түшүнбаса, || не || сол_жерде|| сөздүң_ырасына_гөзү_жетсе_де, || шыға_беріп ||қайта_ғалпына_гетсе, || естіб-есітпей_не_герек? || Осұндай || сөз_танымайтүгүн_елге|| сөз_айтқанша, || өзүңдү_таныйтүгүн || шошқаны_баққан_жақсы_деп || бір_хакім_айтқан_екен,|| сол_секілді | сөз_болады||.

Абайдың таңдаулы өлеңдерінің ішінен «Жазғытұры», «Жалын мен оттан жаралған», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» орфоэпиялық транскрипция, интонациялық талдау жасадым. Бұл талдауда бірінші өлеңнің жазылуы беріледі, содан соң айтылымы талданады. Олар төмендегідей:

Жазғытұры

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
 Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
 Жан-жануар, адамзат анталаса,
 Ата-анадай елжірер күннің көзі.
 Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
 Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
 Көрден жана тұрғандай кемпір мен шал,
 Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.
 Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
 Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
 Шаруа қуған жастардың мойыны босап,
 Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.
 Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
 Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
 Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
 Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су.
 Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
 Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
 Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
 Жарқ-жүрк етіп ілінер көк дауылпаз.
 Құс қатарлап байлаған қанжығаға
 Қыз бұраңдап жабысып, қылады наз.
 Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
 Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
 Қырда торғай сайраса, сайда – бұлбұл,
 Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.
 Жаңа пұлмен жамырап саудагерлер,
 Диханшылар жер жыртып, егін егер.
 Шаруаның бір малы екеу болып,
 Жаңа төлмен көбейіп, дәулет өнер.
 Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,
 Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
 Анамыздай жер иіп емізгенде,
 Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.
 Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
 Рақметіне Алланың көңіл сенер.
 Мал семірет, ақ пенен ас көбейер,
 Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.
 Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
 Бір сараңнан басқаның пейілі енер.
 Тамашалап қарасаң Тәңірі ісіне,
 Бойың балқып, ериді іште жігер.
 Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
 Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
 Жыршы құстар әуеде өлең айтып,

Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар.
 Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
 Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай,
 Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
 Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай.
 Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты,
 Құмары екеуінің сондай күшті.
 Түн қырындап жүргенде көп қожандап,
 Күйеу келді, ай, жұлдыз к... қысты.
 Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
 Жан-жануар қуанар тойға елеріп.
 Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
 Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.
 Күн – күйеуін жер көксеп ала қыстай,
 Біреуіне біреуі қосылыспай,
 Көңілі күн лебіне тойғаннан соң
 Жер толықсып, түрленер тоты құстай.
 Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
 Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
 Қызыл арай сары алтын шатырына,
 Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

Айтылым:

Жазғытұры

Жазғытұры 4 // қалмайды 3 // қыстың_сызы, 4 (11)
 Масатыдай 4 // құлпырар 3 // жердің_жүзі. 4 (11)
 Жан-жануар, 4 // адамзат 3 // анталаса, 4 (11)
 Ата-анадай 4 // елжірер 3 // күннің_көзі. 4 (11)
 Жаздың_көркі 4 // енеді 3 // жыл_құсымен, 4 (11)
 Жайраңдасып 4 // жас_күлер 3 // құрбысымен. 4 (11)
 Көрден_жана 4 // тұрғандай 3 // кемпір_мен_шал, 4 (11)
 Жалбаңдасар 4 // өзіннің 3 // тұрғысымен. 4 (11)
 Қырдағы_ел 3 // ойдағы_елмен 4 // араласып, 4 (11)
 Күлімдесіп, 4 // көрісіп, 3 // құшақтасып. 4 (11)
 Шаруа_қуған 5 // жастардың 3 // мойнұ_босап, 4 (12)
 Сыбырласып, 4 // сырласып, 3 // мауқын_басып. 4 (11)
 Түйе_боздап, 4 // қой_қоздап 3 // – қора_да 3 // шу, 1 (11)
 Көбелек_пен, 4 // құстар_да 3 // сай_да_дуу-дуу. 4 (11)
 Гүл_мен_ағаш 4 // майысып 3 // қарағанда, 4 (11)
 Сыбдыр_қағып, 4 // бұраңдап 3 // ағады_су. 4 (11)
 Көл_жағалай 4 // мамырлап 3 // қу_менен_қаз, 4 (11)
 Жұмыртқа_іздеп, 4 // жүгіріп 3 // балалар_мәз. 4 (11)
 Ұшқыр_атпен 4 // зырлатып 3 // тастағанда, 4 (11)
 Жарқ-жүрк_етіп 4 // ілінер 3 // көк_дауылпаз. 4 (11)
 Құс_қатарлап 4 // байлаған 3 // қанжығаға 4 (11)
 Қыз_бұраңдап 4 // жабысып, 3 // қылады_наз. 4 (11)
 Жазға_жақсы 4 // киінер 3 // қыз-келіншек, 4 (11)
 Жер_жүзүнө 4 // өң_берер 3 // гүл-бәйшешек. 4 (11)
 Қырда_торғай 4 // сайраса, 3 // сайда - бұлбұл, 4 (11)
 Тастағы 3 // үнін_қосар 4 // байғыз, 2 // көкек. 2 (11)
 Жаңа_пұлмен 4 // жамырап 3 // саудагерлер, 4 (11)
 Диханшылар 4 // жер_жыртып, 3 // егін_егер. 4 (11)

Шаруаның 4//бір_малы 3// екеу_болуы,4(11)
 Жана_төлмен 4// көбөйүп,3// дәулет_өнөр.4(11)
 Безендіріп 4// жер_жүзүн 3// тәңрім_шебер, 4(11)
 Мейірбандық 4// дүн(үй)өгө 3// нұрұн_төгөр. 4(11)
 Анамыздай 4//жер_ііп3// емізгенде,4(11)
 Бейн_әкендей 4// үстүнө 3// аспан_төнөр.4(11)
 Жаж_жіберіп,4 //жам_берген 3//қара_жерге 4 (11)
 Рақыметіне 5// Алланың 3//көңүл_сенер.4(12)
 Мал_семілер, 4// ақ_пенен 3 // ас_көбөйөр,4 (11)
 Адамзаттың 4// көңүл_өсүп 4// көтөрүлөр.4(12)
 Қара_тастан 4// басқаның 3// бәр(і)_жадырап,4(11)
 Бір_сараңнан 4// басқаның 3//пейіл_енер.4(11)
 Тамашалап 4//қарасаң 3// Тәңір_ісіне,5(12)
 Бойұң_балқып, 4//ерйді 3//іште_жігер.4(11)
 Кемпір-шал 3// шұуағ_іздеп,4// бала_шұулар,4(11)
 Мал_мазатсып, 4//қуанып, 3// аунап-қуанар.4(11)
 Жыршы_ғұстар 4// әуөде 3// өлөң_айтып,4(11)
 Қыйқуу_салар 4// көлдөгү 3// қаз_бең_ғұулар.4(11)
 Күн_жоқта 3// кісімсінер 4// жұлдуз_бен_ай,4(11)
 Ол_ғайтсін 3// қара_түндө 4// жарқылдамай,4(11)
 Таң_атқан_соң 4//шығарын 3// күннүн_біліп,4(11)
 Өңү_ғашып,4// бол_алмас 3//бұрұнғұдай.4(11)
 Күн - гүйөу,3// жер – ғалыңдық 4//сағынышты,4(11)
 Құмары 3// екеууң4// сондай_гүштү.4(11)
 Түң_ғырындап 4// жүргөндө 3// көп_қожандап,4(11)
 Күйөу_гелді,4// ай, 1/жұлдуз 2//к..._қысты.2(9?)
 Ай,1// жұлдузға 3//жылы_жел 3//қабар_беріп,4(11)
 Жан-жануар 4// қуанар 3//тойғ_елеріп.4(11)
 Азалы 3//ақ_көрпөсүн 4// сілке_тастап,4(11)
 Жер_гүлүмдөр,4// өзүнө3// шырай_беріп.4(11)
 Күн – күйөуүн 4// жер_гөксөп3 //ала_ғыстай,4(11)
 Бүрөуңө4// бүрөуү 3// қосұлұспай,4(11)
 Көңүлү_гүн4 //лебіне 3// тойғаннан_соң4(11)
 Жер_толқұсп,4 //түрлөнөр3// тотұ_ғұстай.4(11)
 Адам_тіктеп 4// көр_алмас3 //күннүн_гөзүн,4(11)
 Сүйүп,2/ жылып 2 //тұрады 3 //жан_лебізін.4(11)
 Қызыл_арай 4// сар_алтын 3// шатырына,4(11)
 Күннүн_гешке 4 //кіргенін 3// көрдү_гөзүм.4(11)

Бұл өлең жолдары 2-3 бунақты, 11-12 буыннан құралған.

Жапырағы қуарған ескі үмітпен

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
 Қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін.
 Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды
 Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.
 Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
 Ойға түйме қызықты қиялдан күс.
 Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен
 Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?

Төңкеріліп құбылған жұрт - бір сағым,
 Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
 Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің
 Өзінді өзің күзет, кел, шырағым!

Айтылым:

Жапырағы қуарған ескі үмітпен

Жапырағы //қуарған // еск_үмітпен (11)
 Қыйал_ғып //өмір_сүрүп, // бос_шүрүппүн.(11)
 Жыбыр_ғағып, // көңүлдү // тыншытпайды(11)
 Қашанғы //өтіп_кеткен // бұлдыр_гөп_күн.(11)
 Ол_дәурен //өмір_емес, //бір_көргөн_түс,(11)
 Ойға_түйме // қызықты // қыйалдан_ғүс.(11)
 Қарашы, // өз_бойыңда // түгел_м_екен(11)
 Ыстық_жүрек, //өң-шырай, // қуат_пен_күш?(11)
 Төңкөрүлүп //құбылған // жұрт_ – бір_сағым,(11)
 Шынға_шыдап, // қос_алмас //ынтымағын.(11)
 Көптің_аузын // күзетсең //күн_гөрмейсін,(11)
 Өзүңдү //өзің_күзет, // кел, //шырағым!(11)

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
 Аспанда ай менен күн шағылса да,
 Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
 Саған жар менен артық табылса да.
 Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
 Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
 Шыдайды риза болып жар ісіне
 Қорлық пен мазағына табынса да.

Айтылым:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да

Жарқ_етпес // қара_гөңүлүм //не_ғылса_да,(11)
 Аспанда // ай_менен_күн // шағылса_да,(11)
 Дүн(үй)өдө, // сірә, / сендей // маған_жар_жоқ,(11)
 Саған_жар //менен_артық // табылса_да.(11)
 Сорл_асық // сарғайса_да, //сағынса_да,(11)
 Жар_тайып, // жақсы_сөздөн // жаңылса_да,(11)
 Шыдайды // риза_болуы // жар_ісіне(11)
 Қорлық_пен // мазағына // табынса_да.(11)

Бұл өлең жолдары 2-3 бунақтан, 11 буыннан құралған.

Осы талданған үлгілері бойынша бұрынырақта қате дыбыстап жүрген өлең шумақтары мен қара сөздерді орайына келтіріп, фонетикалық заңдылықтарға сай айтқан жөн.

Әдебиеттер

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 395 б.

Шынар Мұхтарова,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті*

Ғ. САҒДИ, І. ЖАНСҮГІРОВ, Ы. МҰСТАМБАЕВ, Б. КЕНЖЕБАЕВТЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУЫ

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған ұлы Абай шығармашылығы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймай келе жатқан асыл қазынасы. Абай өмір сүрген заманнан қанша уақыт өтсе де, жылдар өткен сайын оның шығармасы әр қырынан танылуда. Абай шығармашылығы – әдебиеттің, мәдениеттің ауқымынан анағұрлым асып кететін ғажайып құбылыс. Кейде ойлап отырсаңыз, Абай біз үшін ақын да, философ та, аудармашы да, композитор да емес, бәрінен бұрын өзіміздің жанымызға соншама жақын адамымыз, ағайынымыз ба, туысқанымыз ба, ағамыз ба, атамыз ба, әйтеуір бір жақсы танитын адамымыз сияқты. Сол адаммен талай рет кездесіп, сөйлескен, сырласқан, талай рет ақылын алғандаймыз, ал кейде не балалықпен, не шалалықпен алмай кеткендейміз. Қуанса да, қиналса да Абайға бас ұрмайтын қазақ жоқ.

Жоғарыда айтқандай, Абай шығармалары жылдар өткен сайын әр қырынан танылып, әр қырынан зерттелуде. Абай — «Абай» болып танылған күннен бүгінге дейін зерттеушілер де, олардың ашқан жаңалықтары да жетерлік. Алайда, олардың зерттеулері Абай шығармашылығын толыққанды танытты деуге әлі ерте. Абай шығармашылығын тану үшін ғасырдан да ұзақ уақытты керек етеді. Өткен ғасырдың 20-жылдары әдебиетімізде Абай шығармашылығын зерттеуде Ғ. Сағди, І. Жансүгіров, Ы. Мұстамбаев, Б. Кенжебаев, т.б. ғалымдар еңбек етті. Олардың көбі Абайдың ақындық мектебіне баса назар аударады.

Соның бірі І. Жансүгіровтің «Абайдың сөз өрнегі» атты мақаласында көрінеді. «Абайдың ақындық ауданы кең. Ол ақындық өнерінің бір-ақ мазмұнды, бір ғана саласын қуып отырған емес, Абай ақындықты, тіл өнерін ақындықтың әр жағына да жұмсайды. Бірақ соның бәрінде, Абай ақылшы, үгітші, не айтса да, не жазса да әлеумет өміріне тірей, әлеумет өмірінен бастап отырады. Абайдың қара сөзінде болсын, өлеңінде болсын оның сыны күшті. Оның «бала асырау» деген қазақ ұғымына айтқан қара сөзіндегі сыны қара қазақтың ұғымын табандатып жеңіп шығады. Абай осы міндерді түзеуге жалаң үгітті, сынды ғана жұмсамайды, Абай ащы тілді, улы сөзді, сықақты, мысқылды, ілмені, мазақты да қолданып отырады. «Адасқанның алды жөн», «Болыс болдым мінеки» деген сияқты өлеңдер Абайдың біз тілді (сатирик) ақын екенін де көрсетеді Абай, бұлардың үстіне, толғаушы (лирик) ақын, Абайдың ақындығын көрсететін тәтті өлеңдері осында. «Көлеңке басын ұзартып», «Қарашада өмір тұр», «Адамның кейбір кездері», «Көңіл-күйі тағы да», «Келдік талай жерге енді», «Қуатты оттай бұрқырап», «Жүрегім менің қырық жамау» деген сияқты өлеңдері — Абайдың ішіндегі шынайы шерін толғайтын өлеңдері.

Абай – шебер суретші (художник). Өлеңімен Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, тұрманы түгел келеді. Абайдың ондай бір суретшілікпен көрінетін өлеңдері – «Аттың сыны», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Аңшылық», «Жаз», «Күз», «Қыс» тектес өлеңдері. Осы өлеңдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, өлең жазылған тақырып алдыңыздан жанды тұлғасымен тұтас түрегеледі.

*«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ».*

Өлеңді өнер деп бағалаған Абай — сол өлеңді кестелеп, қызмет етті. Оның өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, өлеңіндегі сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады.

*Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс, сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?*

Оның аз сөзіне көп мағына сыйып кеткен, сөз шеберінің іші қалың қазына, өлең қауызының іші толған дән болады.

«Абайдың әдбиет түріндегі кестесі қалай?» – дегенге келсек, оның әдебиет түрі негізінде өлең. Абай — өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақтағы ел өлең-жырларының өлшеуін, парсы шағатай, орыс өлеңдерінің үлгілерін кіргізіп, үлгілерін кеңітудің үстіне араб, қазақ әдебиетін жаңалаған ақын. Қазақтың әдебиетіне бірсыпыра жаңа өлең өлшемдері Абаймен бірге келіп кіреді.

Абайдың қара сөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетін қара сөзінің де (публицистика) алғашқысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен? Тіпті таза қазақ тілімен хат жазуға да болды ма екен.

Абай жыры ырғақ, музыка, дыбыс құрылысы, жағынан төгіліп жатады. Абай өлеңдерінің көркем болуына, дыбыс сәйкестігі, дыбыс ұйқастығы өлеңнің көркемділігінің бір тұлғасы екендігіне көңілді ерекше бөлегендігін, әсіресе мына өлең айқындайды: Абай бұл өлеңді Оспан деген інісі өлгенде жазыпты:

*Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жасудан тығылмай,
Жасаулы жасудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай...
Жақсы өліңіз ятырмай!*

Міне, осы жырдың бас дыбысы, бас буынының бәрі «ж» әрпімен келеді. Абайдың бұл өңшең «ж» дыбысынан бастап жасаған жырының бір көркемдігі — оның осы өлеңінің дыбыс құрғандағы білінбей еркін шыққандығы. Абай өлеңі

мұнда тым еркін, «ж» дыбысы өзінен-өзі құрылғандай, сөздің тігісін жатқызып, жымпитып кеткен.

Абайдың қара сөздерінде де түрлер бар. Оның қара сөзінің бірсыпырасында бұрынғы ескі мақалдың өзегі жатады:

«Күншілдің күні қараң, еңбексіздің дәмі арам», «жаман дос көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» дегендері сияқты мақал сөздері – Абайдың ақындығының қара сөз түрін жасауға қызмет еткендігі». Бұл І. Жансүгіровтің Абай шығармашылығына берген бағасы.

Ал Б. Кенжебаев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты мақалалар жинағында «Абай Құнанбайұлы» мақаласында І. Жансүгіров айтқан белгілерін тереңірек аша түседі.

Абай шығармаларының бір тобы өмір сыры, заман жайы, қазақ халқы тұрмыс-салтының, мінез-құлығының, шаруашылық қалпының : жаз жайлау, қыс қыстауының, қазақ даласының суреті болып келеді. Бәрі де нақты, дәл, жарасымды, шебер суреттеледі. Өмірді, өз заманының шындығын жан-жақты, кең шеңберлі, терең мағыналы етіп жырлаған реалист ақын. Абайды ойланып тұрмай-ақ ұлы сыншы келісті етіп бейнелеген төртінші ақын қатарына жатқызуға, Абайдың ақындық таланты, күші, поэзия сол ақын құрамдас деп айтуға болады.

Қазақтың Абайдан бұрынғы, Абай тұсындағы өлең, жырдың соның ішінде лирикалық өлең, тек лирикалық өлең, жырдың бір ғана жанры болатын: ол саяси лирика ғана болушы еді. Мысалы:

*Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!*

(«Махамбеттің Жәңгірге айтқаны»)

болып, яки

*...Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел балалар оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен толық...*

(Ыбырай)

болып келер еді.

Оңы мен солынан, шығысы мен батысынан көргені көп, алған нәрі, жол азығы мол, өзінің алдында: «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ», – деп міндет қойған талантты Абай қазақ поэзиясын байыта, дамыта түсті. Абай лириканың барлық жағына ұста. Ол саяси лириканы да, табиғат лирикасын да, махаббат лирикасын да, көңіл-күй лирикасын да мейлінше күшті, мейлінше

сұлу етіп келтіреді. Мысалы, болысты өз сырын өзіне сөйлетіп, әшкерелейді, келістіріп әжуа, күлкі етеді:

*Болыс болдым мінекей,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қоң, атта жал
Қалмады елге тығындап...
...Күштілерім сөз айтса,
Бас имеймін шыбындап.
Сиез бар десе жүрегім
Орнықпайды сусылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап.*

Бұл орайда Абай асқан сықақшы. Орыс халқының классик жазушылары Гоголь мен Шедрин сияқты сатирик. Әшкерелеу, мінеп, шенеу, сықақ, әжуа, күлкі Абай поэзиясының, әсіресе Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасының әрі мықты өзегі, биік шыңы, әрі өзіне тән ерекшелігі.

Махаббат, достық лирикасында Абай жұртқа махаббат, достық мәнін түсіндіреді, соларға әдемі сөз, әсем суретпен философиялық анықтама береді. Махаббат, достық туралы лирикасының бірсыпырасында сұлудың, сүйіскен жастардың сыртқы сыр, сымбатын, ішкі дүниесін, жүрек күйін, күлкі-қуанышын, мұң-зарын бейнелейді. Әр алуан сырмен, бояумен көңілге қонымды, көрікті дәл етіп суреттейді, қыз бен жігіттің хаты етіп баяндайды.

Мысалы, сұлу қыздың сурет-портретін былай келтіреді:

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туган айды.
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды,
Аузын ашса көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген іш қайнайды.*

Қысқасы, Абай адамның сыр-сымбатын, ішкі дүниесін, психологиясын беруге, солай кісінің бейне-образын жасауға ұста ақын.

Абайдың табиғат лирикасы жыл мезгілдері: жазғытұрым, жаз, күз, қыс туралы, табиғат құбылыстары туралы болып келеді. Бірақ Абай оларды оңаша, жеке-дара суреттемейді, үнемі қоғам, адам тұрмысына, адамның іс-әрекетіне байланысты сөз етеді. Мысалы, «Жаз» өлеңіндегі шілдедегі даланы, өзен жағасына келіп қонып жатқан бай ауылды суреттейді; күз айлары өлеңдерінде күзгі күн райын, дала көрінісін суреттей келіп, бай мен кедейдің күзгі күнжайын, ой-қиялын баяндайды. Жазғытұрым, қыс туралы өлеңдерінде де осылай. Қазақтың Абайдан бұрынғы, Абайдың тұсындағы ақындар болса:

*Болғанда сары жұлдыз жаз келеді,
Жаз өтсе, одан жалғас қыс келеді...
Сәуірде көтерілер рахмет туы... –*

жыл мезгілдерін осылай суреттер еді. Абай жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын олай жалаң сөзбен, жалпылап айтпайды, дәл, нақты кестелі, етіп айтады. Абайдың табиғат лирикасы – Абай поэзиясының мәдениеттілікпен, күшті ақындықпен, тамаша шеберлікпен жазылған бір саласы, ақын шығармасының тағы бір биік шыңы.

Абай поэзиясының бір мол саласы, биік шыңдарының бірі – оның көңіл-күй лирикасы. Абайдың көңіл-күй лирикасы: «*Жүрегім менің қырық жасау*», «*Жүрегім, нені сезесің?*», «*Жүрегім, ойбай соқпа енді*», «*Көңілім менің қараңғы*», «*Не іздейсің көңілім, не іздейсің*» деген сияқты болып келеді.

Абай бұл саладағы лирикасында өзінің сырын, ойын, сезімін, өзінің түйгенін, білгенін, күй-жайын, көңіл-күйін қайғысын, қуанышын, жиренішін сөз етеді. Бұған қарап Абайды дарашыл ақын деп қорытуға болар еді. Бірақ В.Г. Белинский: «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке басы, «мені» туралы айтса, ол жалпы көпшілік туралы, бүкіл адам баласы туралы айтқаны, өйткені ұлы ақынның тұлғасында жалпы адамзатқа тән қасиеттің бәрі бар», – дейді.

Абай лирикасы құлақтан кіріп бойды алатын, оқушыға әртүрлі ой салатын, оның көзін емес, көңілін ашатын терең мағыналы, асқақ жанды, өткірдің жүзі, кестенің бізі салған өрнек, ою, әшекей, кесте тәрізді аса көркем лирика.

Ақынның асыл, әдеби мұраларының көлемді, аса мәнді саласы – қара сөздері. Ол тақырыбы мен мазмұны жағынан болсын, жанрлық ретінен, стилі жағынан болсын, аса маңызды, аса қызықты егжей-тегжейін зертейтін саласы. Қара сөздерінің жырларынан ерекшелігі – дін, адамгершілік, мінез-құлық мәселелерін қозғаған. Абай өлеңде қандай данышпан болса, қара сөзде де терең ойшыл. Ол қара сөздерінде қозғап, сөз еткен тақырыптарының бәрі де бұқарашыл-ағартушылық, жаңашылдық көзқараспен талдап шешеді. Халықтың ілгері дамып, игілікке жетуіне келелі кеңес береді.

Абай қара сөздерінің басым көпшілігі сын, сықақ жөнімен жазылған көркем әңгіме, басқаша айтқанда, көркем публицистика. Бұл жағынан қара сөздері орыстың сықаққой ұлы жазушысы Салтыков-Шедриннің шығармаларына ұқсайды. Олар Салтыков-Шедриннің шығармаларының сюжетсіз келуі, сын, сықақ болып келуі, өмір келбетін, жұғымсыз адамдардың бейнесін келтіруі, жалпы рухты стилі жағынан да ұқсайды. Абайдың кербездері мен мақтаншақтары, пысықтары мен болыс, билері қазақтың Головлев мырзалары, Помподуралары, Иудушкалары, әпербақан начальниктері деседі.

Абай отызыншы қара сөзінде мақтаншақ кісінің бейнесін жасайды: «қырқын мінсе қыр артылмайтын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар... Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді не балуандылығы жоқ не батырлығы жоқ не адамдығы жоқ не ақылдылығы не арлығы жоқ. Мойнын бұрып қойып: «ой тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен-кім артық дейсің! Кімнің басы кімнің қанжығасында жүр? Өліп кетпей не керек: азар болса, атылып, осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?» деп қалшылдайтын кісі көп қой», – дейді.

Сондай-ақ қара сөздерінде сөз кестесімен қоса, өмір кестесін жасаған. Қара сөздерінің қай-қайсысы болмасын екпінді, жігерлі, өткір болып келеді.

Бағаның басы І. Жансүгіров сөзімен басталды. Бағаның соңында сол кісінің сөзімен аяқтайын: «Терең ойдың толғауы, мұнның махаббатың лирикасы, кестетелі көркем суреттер, алдыңғы елдің ақындарының үлгілері мысал сықақ бізге Абаймен бірге келіп кірді. Абай біздің көркем әдебиетімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жаңалық кіргізген ақын».

Қазақтың бас ақынының шығармашылығына әдебиет майталмандарының берген бағасы осындай.

Әдебиеттер


1. Кенжебаев Б. «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, – 1973.
2. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы (пьесалар, фильетондар, мақалалар). – Алматы: Жазушы, 5-том. – 1987.



Өзіндік жұмыс бойынша слайдтар



Абай Құнанбаев




Орындаған: Бекмағанбетов М.

Абай Құнанбайұлы

Абай (Ибраһим) (1845-1904)

— ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және Еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор.



Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Ол Шығыс пен Батыс мәдениетін, өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен.

Әкесі Өскенбайұлы Құнанбай өз заманындағы атақ-даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. Патша өкіметі XIX ғасырдың ортасындағы бір сайлауда оны Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен.

Өмір жолы



Абай қазіргі Семей облысының Шығыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірінен туған. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Өскенбайұлы Құнанбай өз заманындағы атақ-даңқы алысқа кеткен абамдардың бірі болған. Патша өкіметі XIX ғасырдың ортасындағы бір сайлауда оны Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен. Шешесі Ұлжан Орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл әжуамен аты шыққан шағнишарлардың қызы. «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелемін атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді.

Абайдың шығармашылығы

Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері — «Иузи-рәушән», екіншісі — «Физули, Шәмси».

«Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870-80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы — «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шыңдан ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді.




Шығармалары үш жүйемен өрбиді:

өз жанынан
шығарған төл
өлеңдері;

өзге тілдерден, әсіресе
орысшадан аударған
өлеңдері


гақлия (немесе
Абайдың қара сөздері)
деп аталатын
прозасы;

Абай өлеңдері түгел дерлік лирикадан құралады, поэма жанрына көп бой ұрмағаны байқалады. Қысқа өлеңдерінде мабигам бейнесін, адамдар нормірін жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Ислам діні тараған Шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы танысу арқылы өзінің шеберлік шалымын одан әрі шыңдайды. Шығыстың екі хикаясын «Масқұм» және «Ескендір» деген атпен өлеңге айналдырады.




Абайдың музыкалық мұрасы

Ұлы ақын, азартушы Абай музыкалық саласында да айта қалғандай мұра қалдырды. Өзінің асыл өлеңдерін, қара сөздерін қазаға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, музыкалық жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан заманға ауыса отырып жетті.






Абайдың музыкалық өнерінің ерекшелігі



Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан ешпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы кезде тыңдағандардың бәріне бірдей түсінікті бола қоймады, болмақшы да емес еді. Мәдениеттің дамуына кедергі болатын феодалдық жағдайда кейбіреулер үшін ол әндердің жана тілдері қазақтың халықтық ән дәстүрінен шығып кеткендік болып көрінуі де мүмкін еді. Абай әндері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жағандықтан, ноганың жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға кеше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды халықты музыкалық салтында болмаған жана өткір тілмен өлең тексіне құрылуы да себеп болды.

Абайдың дүниетанудағы көзқарасы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ халқының экономикасы мен ой-пікірінің алға ұмтылу бағытта дамуына ықпалымен қалыптасты. Дүниетану жолында сары-орыстың төңкерісшіл демократтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қорытып, басқаларға қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданады. Дүниетану өңірінде екі қасиеттің – сезім мен қисынның, түйсік пен ақылдың қаттыласып таразылайды. Сондықтан да: «Ақыл сенбей сенбеніз, Бір іске кез келсеңіз» деп жазады.



Абайдың поэмалары

“Масғұт”

Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ геройдың – Масғұтты ғана жайы. Сол Масғұтты бірнеше ерекше халдерге, уақиғаларға ұшыратаып барып, Абай оған үлкен сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек болады.

«Ескендір».

Абайдың екінші поэмасы – «Ескендір». Біз, ең алдымен, бұл поэманың негізінде жатқан тақырыптың төркін-тегі туралы біраз деректер айттып өтелік. Шығыста Ескендір, орыс пен Еуропа елдерінің атауына Александр – бар дүниежүзі халықтарының аңыздарында, ертегі, дастандарында ерекше орын алған адам

«Өзім әңгімесі»

Абайдың 1933 жылғы жинағында алғаш рет басылған бір поэмасы – «Өзім». Жас бала Өзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсызлығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абайдың поэмасына желі, арқау болған

Бұл үш поэманың бәрі де ақынның қазақ өмірінен, соның ішінде бұрынғы шығармаларындай, өз ортасы, өз дәуірінің болмысынан алған шығармалары емес. Үшеуі де шығыстық дастан аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге кұрылады. Тегінде, Абай бірнеше өлеңдерінде, поэма жазуды өзіне мақсат етпеген тәрізденетін. Сонда «Өзірет Әлі айдаһарды» жазғаным жоқ, «сарала құзды» жырлағам жоқ деп бір кезек айтса, тағы бір уақытта ел шатқан батырды, қызықты қыздырмалап айтсам, қызығын тыңдар едің деп, оқушыны шеней түсетін. Жай бос уақыт өткізетін қызықшыл, қысыр кеңесті құмарланып тыңдар едің дейтұғын. Ондай әңгімелі өлеңдерден Абай өзі ойлаған өсиеттік, адамгершілік терең тәлім-тәрбие туа қоймайтындай көретін. Өз басының ұзақ ақындық еңбегі бойында Абай поэма жанрына анықтан зер салған жоқ. Тек кейін тәрбиесінен шыққан шәкірт ақындарына ғана әр алуан тақырыптар беріп, аның поэма дерлік күрделі, сюжеті бар шығармаларды соларға жазғызады. Ал солай бола тұрса да, өзінің өзі тежеп, ақындық шығармаға жанр жазғынан да арнаулы қатаң талап қойған ақынның, жоғарыда аталған, үш поэманы жазғанын көреміз.

Абайдың қара сөздері

Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары – «қарасөз» деп аталады. Жалпы саны қырық алты бөлек шығарма. Оның алты-жеті үлгісі қысқа келеді. Бұл қатарға қосылатындар Он алтыншы, Он сегізінші, Он тоғызыншы, Жиырмасыншы, Жиырма төртінші, Отыз бірінші, Қырық бесінші сөздері. Жалпы қарасөздерден мазмұн, тақырып жазғынан өзгеше тек тұратын – Қырық алтыншы сөз. Ол тарихаттық мақала – очерк тәрізді. Қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты. Өзге қырық бес сөздің ішінде көлем жазғынан ең мол шығарма бұрын Абайдың қолжазбаларында «Ғақұшат тасдиқат» деген атпен бөлекше көшіріліп жүретін дін, мораль мәселелеріндегі Абайдың бір үлкен ой-толғауы болады. Бұл – Отыз сегізінші сөз. Осыдан соң қарасөзбен жазылған мысал, өсиет есебіндегі Соқрат пен оның шәкірті Аристодим әңгімесі. Бұл – Жиырма бесінші сөз. Көпшілік қарасөздерден және де өзгеше тек қалытқан Абайдың Отыз жетінші сөзі. Бұл бөлімше өзге қарасөздерден тұтас құрылған афоризмдер саналады.

Қара сөздер

Абайдың қарасөздері – ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына. Абайдың өз тұсында болған тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық атаулының барлығымен байланысты туған шығармаларды көрдік. Қарасөздің бағасы, Абай заманындағы жағдайды тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытым береді. Рас, біздің заманымыз үшін Абай сымап, суретпен отырған ортаның барлық болмысы, бартық дерті және Абайдың сол ортада отырып, күнделік өмірмен байланысты атап отырған мақсаттары кейбір ұсыныс ойлары – бәрі де ескірген. Біздің қоғам үшін Абай өмір кешкен тарихтық орта мен қоғамдық шындықтар мүлде алыста, артта қалған дүние. Осы тұрғыдан қарағанда қарасөздердің арманы мен мазмұны, мұрағаттары тек тарихтық жағынан бағалы деу керек.



«Қара сөздері»
«Өлең сөздің
патшасы –
сөз сарасы»,
«Қалыңдарда
бұрысшаның тамысы
ыстық а жігітті»



Абай Құнанбаев



Қара сөздер

Абайдың көркем аудармалары

Ақынның аудармалары көбінесе еркін аударма, кейде аударма деп жүрген елендерін аударма деп айту да қиынға соғады. Абайдың бір өзгешелігі бір еленді тәптіштеп аударып жағудың орнына, сол еленнің сюжеті, тақырыбы сарындарын ғана пайдалануды көбірек құнтайды. Абай бұл жөнінде тек аудармашы ғана емес, ол басқа ақын-жазушылардың шығармаларынан ғибрат алушы, өз ақындық өзгешелігіне қарай өзге ақын үлгісін пайдаланушы. Ақын өзге ақынның керекті шығармаларын аударғанда өз ақындығына үнемі үйлестіре отырады.



Аудармалық өрнекті Абай тек орыстың классик поэзиясын қотаруға жұмсамайды. Ол көбіне аударманы орыс тілінен жасаған. Байрон, Гете сияқты өзге Еуропа елдер классиктерінен бірер еленді аударса оны да Лермонтовтың аудармаларынан алып қазакшалайды. Анық орыс классиктерінен Абайдың аударғандары:

Крышовтың бір топ мысалдары, Пушкиннің «Евгений Онегинен» алып аударған үзінділері және Лермонтовтан жасаған көп аудармалары. Ең соңғы зерттеушілердің айтуынша,



А.Минцкевичтің кейбір елендеріне үйлес келетін аз аударма да бар делінеді. Абай жинағында бөлек аттармен ер жындарға бөлініп бастырылған аудармалардың барлық саны қырықтан асады.

Сол қатарда Крышовтың төрт-бес мысалын аударған. Лермонтовтың өз шығармалары мен аудармаларын қосқанда, отызға жуық елен

аударған.



А.В. Пушкин
1799-1837



Екінші бөлім

МАХАМБЕТТАНУ



Айгерім Сматуллаева,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ филологиясы мамандығының
3-курс студенті*

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Махамбет Өтемісұлының шығармашылық мұрасының қазақ әдебиеті тарихындағы орны тым өзгеше, оның орыс отаршылдығына қарсы қару алып күреске шығуы, ұлт бостандығын іздеген батырлығы ешқандай алтынмен бағаланбас ұлы іс. Оның әрбір жыры белгілі бір тарихи оқиғаны бейнелейтін сурет десек артық айтқандығым емес. Сөзім дәлелді болу үшін ақынның көпшілікке танымал өлеңдерінің шығу тарихына тоқталып өткенді жөн көріп отырмын.

«Ереуіл атқа ер салмай». Ақынның көпшілікке кеңінен танымал 1837 жылы жәдді жұлдызының 12-сінен 13-не қараған түні Исатай мен Махамбет Жайықты жарып өткен соң, қастарындағы қырық жолдастарымен далаға қонады. Күн суық боран екен. Танертең тұрса, батырлар қар астында тоңып қалған екен. Сол заманда бөкейлік қазақтар да едәуір тәрбиелі екен деседі. Жұрттың көбі қыстыгүні ағаштан не тастан салған жылы үйге, күнде ішетін шайға үйреніп қалған екен. Етіктің орнына елдің бірқатары кебіс-мәсі киеді екен. Далада қонып, тоңып тұрған жігіттердің көбі жылы үйді, жұмсақ төсекті, қызыл шайды жоқтайды. Сонда Исатай айтыпты дейді: «Ай, жігіттер! Қазақ жұртына сәлем айтыңыз! Ел боламын десе: құс төсек төсенбесін, шай ішпесін, қималы етік кимесін», – депті. Қималы етік деп кебіс-мәсіні айтқан. Сол уақытта Махамбет батыр жаңадан туған бір өлеңін айтып жолдастарын жұбатқан. Ол өлең – «Ереуіл атқа ер салмай» еді.

Махамбеттің 1838 жылғы көтерілісі апатқа ұшырап, Исатайдың өлімінен кейін Назар, Шүрен елдеріне кетіп, өте қиын халдерді басынан кешіреді. Елді қайта ұйымдастырмақ болып, қаншама тырысса да, хан сұлтандардың тарапынан жасалған қатал шаралардың нәтижесінде халық Махамбетке көмекке келе алмады. Іштей оны шын жүректен сүйіп тілектес бола тұрса да, құралды күш беріп, Махамбет көтермекші болған күрес туының астында жиналуға шамалары келмеді. Ақын дәл осындай қиын-қыстау күнді ашық түрде жырына арқау еткен екен. Ол жыр – «Қызғыш құс».

«Әй, Махамбет, жолдасым». 1837 жыл Исатай, Махамбет бастаған ауыр қол Жасқұсты (хан ордасының тұрған жері) қамағанда хан да, ханның айналасындағыларда да зәре қалмаған. Әуелі хан құтылмақшы болды, бірақ қасындағы билері қашырмай, Исатайдың айтқанын жасамақшы болып, он күнге сұраса, сол он күннің ішінде халық не тілейді, соның бәрін орындауға уәде бер дегенді айтады. Хан соны мақұл көріп қашпай, батырға елші жібереді. Ханның елшілерінің ұстап келген сөзі туралы, көтерілісшілердің ішінде екі түрлі пікір туады. Бір жағы он күнге уақыт беруді мақұлдайды, екінші жағы бермеу керек, шабу керек деген пікірді ұсынады. Исатай он күн уақыт беру жағында болғанда, Махамбет оған қарсы болады. Он күннің ішінде хан Орынбор, Астраханьнан әскер алдырып, көтерілісшілерді күшпен басу ісіне шұғыл

кірісіп, өздері шабуылға шығады. Енді Исатай, Махамбеттердің тез шегінуіне тура келеді. Көптеген тарихшылардың бәрі де Исатайдың көтеріліс жолындағы жіберген үлкен қатесі деп біледі. Ал «Әй, Махамбет, жолдасым» өлеңіне дәл осы оқиға арқау болған. Өлеңнің мазмұнына қарағанда Исатай өлгеннен кейін шығарылған болу керек. Қымбат досы, жауға айбар, жұртқа бедел етіп ұстайтын ел ағасы – батырды, Махамбет монолог арқылы, нақ өлер алдында, елі-жұрты, туып өскен жерімен қоштастырады. Келешек ұрпақтар Исатайдың күрес жолындағы кемшіліктерін қайталамасын дегендей, әр алуан қателіктерді батырдың өзіне мойындатады...

«Айныман» өлеңі. Аталған оқиғадан кейін көтерілісшілердің жағдайы тым нашарлап кетеді. Назар, Шүрен, Хиуаға қоныс аударуы шынында да амалсыздықтан болады. Жеңген жау (хан, патша әскері) елдің үрейін мықтап ұшырды...Осындай қиын кезде Махамбет Орынбор, Орда, Астрахань, Орал қалаларынан алысырақ жатқан Назар, Шүрен елдерінен әскер жиып, Хиуа ханының беремін деген 20 мың әскерін алып, жауына аттану. Міне, мұны осылай ұғу керек. Өйткені Назар, Шүрен, Хиуа хандығына не үшін кеткенін ақын «Айныман» деген өлеңінде ашық айтып береді.

«Соғыс» өлеңінің шығу тарихына барар болсақ, Қиямолда деген жерде көтерілісшілермен жау қолы алғаш кездеседі. Қарауылқожа басқарған 800 жендетке қарсы Исатайдың 200 сарбазы тұрады. Батырдың серіктері – Үбі, Таңатар, Иманбай, Сарт сияқты ерлер екен деседі. Бұлардың ерлік қимылдарынан жау ығысады. Кейін көтерілісшілер Қарауыл қожаны және Балқы биді шабады. Өлеңде көтерілісшілердің басына түскен ауыр жағдайлар да нақ қалпында көрінеді. Қаруы мықты патша әскері Исатай қамалына зеңбірек атқанда оған қарсы тұра алмағандарын, Ерсары, Қалдыбай батырлардың оққа ұшқанын ашық айтады.

«Мұнар күн» өлеңі көтеріліс басылғаннан кейін хан, сұлтан, қожа молда, билер – бәрі біріге отырып, Исатай мен Махамбетке ерген елге ойына келгендерін жасады. Шетінен тізіп Орынборға айдады. Ақ-қарасы тексерілмеді. Мал-мүлкі конфискацияланды. Осы тәрізді шегінен асқан жауыздықтың неше атасы болды. Міне, осындай сықылды ауыр күн Махамбет өлеңдерінен кең түрде орын алды. Сөз асылын тере білген жалынды ақын өз басындағы және ел басындағы сұрапыл күндерін, уақиға шындығын, тап болған күйінде баяндап береді.

Махамбет шығармаларын Исатай бастаған халық қозғалысының деректі күнделігі, ұлы оқиғаның ерлік шежіресі десек те болады. Ақын поэзиясының реализмі де оның қоғамдық қайшылықтардың шиеленістерін тайға таңба басқандай, бұлтарыссыз танытқыш күшінде сияқты. Махамбет өлеңдері – халықтың сарқылмас күш-қуатын бейнелейтін нағыз халық идеясындағы көркем шығарма.

Әдебиеттер

1. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы және әдебиет тарихы мәселелері. – Алматы, 1958.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
3. Махамбет. Шығармалар. – Алматы, 2001.
4. Махамбет батыр. Ғылыми жинақ. – Алматы, 2004.
5. Махамбет әлемі. Зерттеулер. – Алматы, 2004.
6. Махамбет Өтемісұлының төрт томдық академиялық жинағы. – Алматы, 2002.

Ақбөпе Тұрғантай,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ филологиясы мамандығының
3-курс студенті*

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІ – МАХАМБЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АЛҒАШ БАСПАЛДАҒЫ

*«Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет
творчествосын барынша көп әрі барынша
терең зерттеген академик Қ. Жұмалиев болды».*

Қ. Өмірәлиев

XIX ғасырдағы қазақ халқының тарихы мен әдебиетінен өзіндік өрелі орнын алған Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы бүгінгі күнде қазақ әдебиеттану ғылымында тұтастай бір ғылыми-зерттеу көзіне айналып, өз дәрежесінде жоғары оқу орындарында арнайы пән ретінде оқытылып отыр. Махамбет поэзиясының құндылықтарын сан қырынан ашып-айқындап, ғылыми негізделуінің тарихы Халел Досмұхамедұлының 1925 жылы бастырып шығарған «Исатай-Махамбет» атты жинағынан басталды. Исатай-Махамбет көтерілісінің тарихына тоқталып, Исатай мен Махамбеттің өмір жолынан деректер келтіре отырып, Махамбет шығармаларының ең алғаш болып жинақталуына себепкер болған – Халел Досмұхамедұлы еді. Х. Досмұхамедұлының бастаған ісін ары қарай жалғастырып, өз пікірлері мен ғылыми тұжырымдамаларын жасап, махамбеттану ғылымының негізін қалауға өз өмірінің отыз жылын арнаған Қажым Жұмалиев ағамыз еді. «...ел ретінде еңсемізді тіктеп, тәуелсіздігіміз мойындалғанша Халел Досмұхамедұлы сияқты көптеген көрнекті тұлғалардың есімі ауызға алынбай, еңбектері ескерілмей келгені әдебиет тарихына көзі ашық адамдарға мағұлым мәселе. «Халық жауы» деп жазықсыз жала жабылған аяулы азаматтардың атын атау ғана емес, олар қолға алған ғылыми объектіні одан әрі тереңдетіп зерттеудің өзі Қажекен сияқты ержүрек адамдардың ғана батылы барған шаруа», – дейді филология ғылымдарының докторы Руда Зәйкенова апайымыз.

Қажығали Жұмалиев 1907 жылы 28 желтоқсанда қазіргі Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Жалғызғаш деген жерде дүниеге келеді. 1925 жылы Шымкенттегі ауылшаруашылық техникумына оқуға түсіп, оқуын аяқтамастан, 1929 жылы КазПИ-ге түседі. 1932 ж. Орал пединститутында оқытушы болып жүріп, 1937 жылы КазПИ-ге арнайы шақыртумен келіп, көп ұзамай кафедра меңгерушісі болады. Ғалымның Махамбет поэзиясын зерттеу ісіндегі бастаулары осы КазПИ-ге арнайы шақыртумен келген сәттерінен басталады.

Ғалымның Махамбет поэзиясын зерттеудегі алғашқы қадамдары

1937 жылы «Исатай-Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы» деген атпен мерзімді баспасөзде оннан астам мақала жариялады.

1938 жылы 23 ақпанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Махамбет поэзиясының тілі» атты мақаласы ақын шығармаларының поэтикасын әдебиет теориясы тұрғысынан талдаудың алғашқы баспалдағы іспетті. Ақын өлеңдеріндегі эпитет, теңеу, метафора, метонимия, риторикалық сұраулар, гипербола, литота сияқты троптар мен фигуралардың байланысы мен ара жігін ашып көрсетеді.

1938 жылы 14 қарашада «Социалды Қазақстан» газетінде «Бір-екі сөз» атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада ғалым М. Ақынжановтың «Исатай-Махамбет» пьесасы бойынша қойылған спектакльге талдау жасайды.

Ғалым зерттеулерінің ұштала түскен кезеңі 1939 жылы Махамбет өлеңдерін жеке жинақ етіп құрастырып, алғы сөзін жазып шыққан сәттерімен тұспа-тұс келеді.

1944 жылы жеке кітапша түрінде жарық көрген «Айқас» повесінде Исатай, Махамбет, Үбі сияқты халық батырларының көркем бейнесі сомдалады. Жалпы ғалым Исатай, Махамбет өмірінен роман жазбақ болады. «По следам Исатая» деген мақаласы соны растайды. Повесть «Ұлы айқасудың алдында», «Таңба», «Тарлан атты жолаушы», «Айқас» атты төрт тараудан тұрады. Повестің үшінші төртінші тараулары балаларға арналып 1963 жылы «Тарлан атты жолаушы» деген атпен қайта басылып шығады.

«Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері» (1958) атты еңбегінде 1925 жылғы алғаш рет жеке жинақ болып шыққан күннен санағанда Махамбет өлеңдерінің баспа бетін көру тарихын, қаншасы жаңадан қосылғанын атап-атап көрсетеді. Жаңадан табылып, Махамбеттікі-ау деген өлеңдердің кімдерден, қашан, қай жерде жазылып алынғаны туралы мәліметтер береді. Мысалы, Б. Аманшиннің газет беттеріне жинап бастырған ақын өлеңдеріне талдау жасайды. Осылайша, Махамбет мұрасы әрбір құрастыруда толықтырылып, кемелденіп ұштала түсті.

1963 жылы 18 қазанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Исатайдың бейіті жайында» атты мақаласында осы газетте жарық көрген Х. Дүйсенәлиевтің хабарын толықтырып, Исатай батырдың бейігін тауып, басына ескерткіш орнату мәселесі сөз болады.

Қажым Жұмалиев Махамбет поэзиясын зерттеуге арнаған 1937-1967 жылдар аралығында мынадай еңбектері арқылы махамбеттану ғылымының негізін қалады:

- «Айқас» (1944);
- «Махамбет Өтемісұлы» (1948);
- «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1961, II том, 1-кітап);
- «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1967);
- Баспасөз беттеріндегі зерттеу мақалалары.

Құнды мәліметтер – нақты деректермен

Ғалымның өзгелерден бір ерекшелігі қай еңбегін жазғанда да жалаң ойлар мен ел аузындағы аңыздарға сүйене бермей, не айтса да, қандай тұжырым жасаса да нақты тарихи дерек көздерімен өз ойын дәлелдеп шығады:

- Жәңгір ханның Орынбор губернаторына жазған арыз, хаттары;
- Махамбеттің Хиуада жүріп еліндегі достарына жазған хаттары;
- Орынбор соғыс губернаторының бұйрық хаттары;
- Разяновтың «Исатай Тайманов көтерілісі» еңбегіндегі мәліметтер;
- В. Шахматовтың «Ішкі Орда және Исатай, Махамбеттің көтерілісі» атты

кандидаттық диссертациясы сияқты құжаттар ғалымның ғылыми еңбектерінің өз дәрежесінде жазылуына ұйытқы болды.

Ғалымның ес біліп, ғылым жолына алғаш қадам баса бастаған сәттерінен өмірінің соңына дейінгі аралықта махамбеттану ғылымына қосқан өз үлесін мынадай жетістіктері арқылы айқын бағалай аламыз:

✓ 1939, 1948, 1951, 1958, 1961 жылдарда шыққан дауылпаз ақын өлеңдері жинағының толық нұсқасын құрастырып, алғы сөзін жазды.

✓ 1948, 1958 жылдары ақын өлеңдерінің орысша басылып шығуына ұйытқы болды.

✓ Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің шығу себебін, әлеуметтік маңызын, тарихи өміршеңдігін айқындауда, Махамбет поэзиясының төңкерісшіл рухын танытуда алғашқы жазылған маңызды материалдарымен Махамбеттің нақты тарихи рөлін ашып көрсетеді.

✓ Махамбет өлеңдеріндегі Исатай образы, романтизм элементтері, шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктеріне, жыраулық шеберлігіне парасатты пайымдаулар жасады.



✓ Жоғарыда аталған ғылыми еңбектері мен баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары арқылы Махамбет шығармаларын ғылыми тұрғыдан талдап, оның қазақ әдебиеті тарихынан алатын орнын айқындап, саф күйінде келер ұрпаққа ұсынды.

Қазақ әдебиеті ғылымының үлкен діңгегінің бірі, академик Қ. Жұмалиев жөніндегі қысқа әңгіменің бір ұшқыны осындай.

Әдебиеттер

1. Махамбет. Шығармалар. – Алматы, 2001.
2. Махамбет батыр. Ғылыми жинақ. – Алматы, 2004.
3. Махамбет әлемі. Зерттеулер. – Алматы, 2004.
4. Махамбет Өтемісұлының төрт томдық академиялық жинағы. – Алматы, 2002.

Өзіндік жұмыс бойынша слайдтар



1	2	3
4	5	6
7	8	9

Мына өлендердің қайсысы Махамбеттікі, қайсысы Қазтуғандікі?

1-нұсқа

Арғымақтың баласы
 Арыған сайын тың жортар,
 Арқа мен қосым қалар деп.
 Ақ дария толқын күшейтер,
 Құйрығын күн шалмаған балығым
 Ортамнан ойран салар деп.
 Азамат ердің баласы
 Жабьққаньын білдірмес,
 Жамандар мазак қылар деп.

2-нұсқа

Арғымақтың баласы
 Арығанын білдірмес,
 Арқамнан қосым қалар деп.
 Арғыны күшті ақ дария
 Қаһарланып толқиды,
 Қанатын күн шалмаған балығым
 Ортамнан ойран салар деп.
 Баптауыққа тоя оттамас,
 Балағы түкті қоңыр түкті қаз
 Сұңқарлар үлгі алар деп...

2-НҰСҚАСЫ

1	2	3
4	5	6
7	8	9

Төмендегі ойды
жалғастырыңыз және оны кім
айтқан?

« Махамбет өзінен-өзі шыға
қалған жоқ. Оның әдебиетте де,
тарихта да алды бар. Ол-...»

«Ол-Бұқар»
М. Әуезов

1

2

3

4

5

6

7

8

9

Төмендегі өлең жолдарынан нені байқауға болады?

Мен ақсұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам тағы кетермін
Кетпей нешік етермін,
Бұл барғаннан барармын,
Қиядан орын алармын.
Өтініп алып от жақпан,
Дұшпанға қылыш ұрармын.
Жазға бір ай қалғанда
Аласапыран болғанда,
Бөліне көшкен еліңді
Беріккен қойдай қылармын...

Махамбет поэзиясының
өзіне дейінгі дәуірдегі
поэзия үлгілерімен
байланысының бір дәлелі
– Махамбет “мен” -ін.

1

4

7

2

5

8

3


6

9

Төмендегі берілген жолдарды рет-ретімен
қойыңыз:

Қаумалаған қарындас
Бәрін айт та, бірін айт
Тура әділдік биде жоқ
Қазақта бар да, менде жоқ
Заманым менің тар болды

Заманым менің тар болды,
Тура әділдік биде жоқ,
Бәрін айт та, бірін айт.
Қаумалаған қарындас.
Қазақта бар да, менде жоқ.



«Сендей нарқоспақтың
баласы» деген жолдарды
Махамбет кімге арнап
айтады?
Осындағы метафора қазақ
ұғымында қандай мағынаны
білдіреді?

*Баймағамбет
сұлтанға арналған.
Нарқостақ – түйенің
ең нашар түрі.*

1

4

7

2

5

8

3

6

9

Орай да борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?
Туырлығы жоқ тұл үйге
Ту байласа тұрар ма?

Өлең жолдарындағы фигураның түрін
анықтаңыз.

Риторикалық сұраулар

Орындаған ҚФ ТОБЫ

МАЗМҰНЫ


Алғы сөз.....3

I-бөлім Абайтану

<i>Мөлдір Қыдырбай</i> Абайдың ақын шәкірттері.....	5
<i>Ғалия Тағжанова</i> Абай қара сөздерінің жанры мен аталуы	9
<i>Фарица Жанеке</i> Абай өмірбаяны – Мұздыбай Бейсенбаев зерттеулерінде	12
<i>Әлия Бостанова</i> Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық	15
<i>Ақнұр Сағатова</i> Абай – Лермонтов үндестігі	18
<i>Айжан Жамбылбаева</i> Абайдың сенатқа хаты туралы	22
<i>Зейнегүл Жұмабекова</i> Ақылбай Абайұлының ақындығы және «Дағыстан» поэмасы	25
<i>Еркежан Жұматаева</i> Абай және ислам діні	28
<i>Салтанат Аманқұлова</i> Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мағауия Құнанбаевтың «Еңлік – Кебек» дастандары.....	30
<i>Ғалия Қашырбекова</i> Абай Құнанбаевтың «Евгений Онегин» аудармасы	32
<i>Гүлназия Әбуова</i> Абай мен Лермонтов	36
<i>Салтанат Балтабай</i> Мекемтас Мырзахметовтің абайтанудағы зерттеулері немесе «Абайтану тарихы» еңбегі.....	39
<i>Мадина Ералиева</i> Абай қара сөздері мен өлеңдеріне орфоэпиялық-транскрипциялық талдау	42
<i>Шынар Мұхтарова</i> Ғ. Сағди, І. Жансүгіров, Ы. Мұстамбаев, Б. Кенжебаевтың 20-жылдары Абай шығармашылығын бағалауы	50
Өзіндік жұмыс бойынша слайдтар	56

II бөлім Махамбеттану

<i>Айгерім Сматуллаева</i> Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінің шығу тарихы	74
<i>Ақбөпе Тұрғантай</i> Қажым Жұмалиев еңбектері – махамбеттану ғылымының алғаш баспалдағы.....	76
Өзіндік жұмыс бойынша слайдтар	79
Өзіндік жұмыс бойынша слайдтар	77



Ғылыми басылым

АБАЙТАНУ. МАХАМБЕТТАНУ

Ғылыми-әдістемелік жинақ

Шығарушы редакторы *Гүлжан Рүстембекова*
Редакторы *Айжан Жамбылбаева*
Компьютерде беттеген *Тұраш Сапарова*
Мұқабасын көркемдеген *Ринат Сқақов*

ИБ № 6235

Басуға 12.12.2012 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 12,25 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1584. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды